Гражданское право различает каузальные и абстрактные сделки в зависимости от наличия или отсутствия в сделке условия о цели ее совершения. Если такое условие наличествует, то это каузальная сделка, если нет - абстрактная. Пример первой - договор строительства жилого дома, в котором четко определена цель сделки - возведение жилого дома. Пример абстрактной сделки - выдача простого векселя за покупку акций, при которой никаких условий по исполнению сделки и ответственности ее участников не оговаривается. В случае последующего обнаружения покупателем (векселедателем) меньшего размера начисляемых на приобретенные акции дивидендов, он не вправе истребовать обратно вексель от продавца (векселедержателя).

Сделки являются самими распространёнными юридическими фактами. Согласно ст.147 ГК РК они определяются как действия граждан и юридических лиц, направленные на установление, изменение или прекращения гражданских прав и обязанностей. Отличие сделки от других юридических фактов заключается в том, что все юридические факты довольно разнообразны и классифицируются по различным

основаниям. Речь идет, прежде всего, об их делении в зависимости от воли субъектов на действия и события. Закон (ст.148 ГК) различает два вида сделок: односторонние сделки и договоры. Односторонняя сделка выражает волю одного лица и действует независимо от того, как относятся к ней другие граждане или юридические лица. Односторонняя сделка создает обязанности для лица, совершившего сделку. Она может создавать обязанности для других лиц лишь в случаях, установленных законодательными актами либо соглашением с этими лицами. К односторонним сделкам соответственно применяются общие положения об обязательствах и о договорах, поскольку это не противоречит законодательству, природе и существу сделки. Односторонней сделкой, например, будет отказ гражданина от какого-либо принадлежащего ему права, прекращение выданной доверенности, завещание и т.п. Односторонняя сделка, как правило, порождает (одна или вместе с другими юридическими фактами) права у других лиц, которые могут даже не знать о таких правах, пока не будут уведомлены о них. Например, завещание после смерти завещателя порождает права наследников. Но такая сделка не может возложить обязанности на третьих лиц, кроме тех обязанностей, которые вытекают из предоставляемых прав (например, завещательный отказ - ст.1057 ГК). Для совершения договора необходимо выражение согласованной воли двух сторон (двусторонняя сделка) либо трех или более сторон (многосторонняя сделка). Большинство сделок выражает согласованную волю двух или нескольких лиц, т.е. является договорами. Для признания сделки договором недостаточно простого совершения сделок двумя или более лицами, хотя бы такие действия были направлены, в конечном счете, на достижение единой цели. Требуется, чтобы действия были взаимно согласованными, т.е. каждый из участников совершает действия, которые осознанно признает или даже одобряет другой участник. Если же подобные действия автономны и каждый участник действует самостоятельно, не ставя в известность о своих действиях другого участника, налицо будут две последовательно совершаемых сделки, но не договор. Например, составление завещания и принятие наследником завещанного ему наследства после смерти завещателя. С другой стороны, всякий договор порождается, как минимум, двумя односторонними действиями: предложением одной стороны заключить договор (такая односторонняя сделка именуется офертой) и согласием другой стороны принять предложение (односторонняя сделка - акцепт).

Особыми видами сделок являются биржевые сделки, предусмотренные ст.156 ГК. Под биржевыми понимаются сделки, предметом которых является имущество, допущенное к обращению на бирже, и которые заключаются на бирже участниками проводимых ею торгов в соответствии с законодательством Республики Казахстан о соответствующих биржах (товарных, фондовых и других) и правилами биржевой торговли. Предметом товарных биржевых сделок могут быть биржевые товары - как реальные, так и могущие быть поставленными в будущем (форвардные сделки). Допускаются сделки, предметом которых служат стандартные контракты на будущую поставку или на будущую передачу прав и обязанностей' (фьючерсные или опционные сделки).

На бирже возможны специальные формы расчетов и методов обеспечения реального исполнения биржевых сделок. Они в основном порождают такие же права и обязанности между участниками, какие порождает соответствующая сделка, заключенная в общем порядке и подчиняются общим законодательным правилам о действительности и недействительности сделок. В то же время они отличаются рядом существенных особенностей, которые касаются правового положения участников

биржевых сделок, предмета сделок, порядка их заключения и оформления, обеспечения их исполнения и разрешения биржевых споров. Как правило, биржевая сделка заключается через посредника (брокера, дилера). В заключении сделок с ценными бумагами участвуют обычно профессиональные участники рынка ценных бумаг (кастодиан, центральный депозитарий, регистратор, номинальный держатель ценных бумаг и др.). Биржевые сделки подлежат регистрации, оформляются документами, выдаваемыми биржей в подтверждение заключения данных сделок. К биржевым сделкам в зависимости от их содержания применяются правила о соответствующем договоре (купли -продажи, комиссии и других), если иное не вытекает из законодательства, соглашения сторон или существа сделки. Законодательством или правилами биржевой торговли могут предусматриваться условия биржевых сделок, составляющие коммерческую тайну сторон и не подлежащие разглашению без их согласия, кроме сведений, представляемых в уполномоченный орган по финансовому мониторингу в соответствии с Законом Республики Казахстан «О противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных незаконным путем, и финансированию терроризма». Порядок заключения биржевых сделок и их особенности определяются законодательными актами (прежде всего Указом Президента ГК, имеющим силу Закона, от 7 апреля 1995 г. "О товарных биржах", Законами от 5 марта 1997 г. "О рынке ценных бумаг", "О регистрации сделок с ценными бумагами в Республике Казахстан"), уставом биржи, а также надлежаще утвержденными правилами биржевой торговли.[4]

При нарушении требований, предъявляемых к форме, содержанию и участникам сделки, а также к свободе их волеизъявления, сделка может быть признана недействительной по иску заинтересованных лиц, надлежащего государственного органа либо прокурора. Заинтересованным лицом является лицо, права и законные интересы которого нарушены или могут быть нарушены в результате совершения указанной сделки. Основания недействительности сделки, а также перечень лиц, имеющих право требовать признания ее недействительной, устанавливаются ГК РК либо иными законодательными актами. Сделка может быть признана недействительной, если она нарушает требования: а) о законности ее условий, т.е. о законности ее содержания; б) о сделкоспособности участников сделки; в) о свободе и адекватности их волеизъявления.

Нарушение требований о законности содержания сделки. Статья 158 ГК по этому поводу определяет, что важнейшее требование сделки - ее полное соответствие закону. При этом имеются в виду не всякие нарушения закона. Большое количество нарушений служит основанием недействительности сделок в силу ст.159 ГК и иных законодательных правил. А ст.158 направлена против несоответствия закону содержания сделки, т.е. против открытого противозакония. Это могут быть условия сделки, предусматривающие совершение преступления, уклонение от исполнения императивных правил закона, продажу частным лицам предметов, изъятых из оборота, и пр. Однако, одно лишь отсутствие в законе нормы, разрешающей совершать ту или иную сделку, не может вести к ее недействительности.

Недействительной должна быть признана сделка, содержание которой нарушает запреты закона. Пункт 2 ст.158 ГК предусматривает, что лицо, умышленно заключившее сделку, которая нарушает предписания законодательства, устава юридического лица либо компетенцию его органов, не вправе требовать признания сделки недействительной, если такое требование вызвано корыстными мотивами или намерениями уклониться от ответственности. По указанным мотивам недопустимо

удовлетворение требования и физического, и юридического лица, сознательно нарушивших законодательство при заключении сделки, а затем, ссылаясь на свое же нарушение, требующих признания ее недействительности. Рассматриваемая норма соответствует принципу, хорошо известному зарубежному праву: "Not go to Court with dirty hands ("Нельзя идти в суд с грязными руками") [3]. На основании сказанного можно сделать вывод, что сделка, нарушающая требования законодательства, не может быть признана недействительной по иску того, кто совершил нарушение и стремится использовать сам факт нарушения в собственных частных интересах. Но нарушение, затрагивающее публичный интерес, может послужить основанием признания сделки недействительной по иску лиц и органов, представляющих публичные интересы (лицензионный орган, налоговый орган, прокуратура).

При рассмотрении вопроса о недействительности сделок, на мой взгляд, прежде всего, следует исходить из самого понятия сделки. В Гражданском кодексе РК институт сделок содержится в гл. 4 (ст.ст. 147 - 162). Согласно ст. 147 ГК сделками признаются действия граждан и юридических лиц, направленные на установление, изменение или прекращение гражданских прав и обязанностей. Таким образом, из определения сделки следует, что она является действием. То есть представляет собой волевой, сознательный и целенаправленный акт субъекта гражданского права. При этом и внутренняя воля, и волеизъявление должны формироваться без воздействия искажающих их подлинное значение факторов.

Представляется возможность сделать вывод о том, что сделка может быть признана недействительной вследствие выхода за пределы полномочий на совершение сделки: во-первых, если ограничения полномочий содержатся непосредственно в учредительных документах; во-вторых, если подобные ограничения содержатся в иных документах общества, прямо указанных в учредительных, или приводятся определенный перечень лиц (органов) и их компетенция по установлению ограничений полномочий.

Под недействительной сделкой следует понимать юридический факт, хотя и выражение действиями субъектов гражданских прав, направленными на установление, изменение или прекращение соответствующих гражданских прав и обязанностей. Однако впоследствии в соответствии с вступившим в законную силу решением суда признанным как не повлекшие за собой установление, изменение или прекращение соответствующих гражданских прав и обязанностей.

Список литературы:

- 1.Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая и Особенная части)(с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.01.2018г.)
- 2.Сулейменов М.К. Перспективы развития гражданского законодательства в свете Концепции правовой политики Республики Казахстан.(Материалы научно-практической конференции ., Парламент Республики Казахстан, Астана 22.12.1999)
- 3.Сулейменов М.К. недействительность сделок.(www.online.zakon.kz/Document/?doc_id=37894907#pos=0;0)
- 4.Закон Республики Казахстан «О регистрации сделок с ценными бумагами в Республике Казахстан» от 05.03.1997.

Түйіндеме

Ғылыми мақала Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасын дамыту сатысында мәміле институтының мәселелерін зерттеуге арналған. Бұл мақалада

азаматтық заңнамамен реттелетін тәртіпті реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының құқықтық талдауы келтірілген. Түйінді сөздер: мәмілелер, құқықтық қатынастардың пайда болуы, мәміленің жарамдылығы

Summary

Scientific article is devoted to research of questions of Institute of the transaction at a stage of development of the Civil Legislation of the Republic of Kazakhstan. The article presents a legal analysis of the legislation of the Republic of Kazakhstan regulating the procedure and purpose of transactions in civil law.

УДК:349.6(574)

Бозаев А.Т.
Абай атындағы ҚазҰПУ
Тарих және құқық институты
Мемлекеттік және азаматтық құқықтық пәндер
кафедрасының 1 оқу жылының магистранты

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗАҢНАМАЛАРДЫ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қазіргі соңғы кезеңде қоршаған ортаны қорғау мәселелері барлық адамзатты толғандырып отырған өзекті жаһандық мәселеге айналды. Осы жұмыста Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамаларын бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілікке кешенді талдау жасалынады, сонымен қатар қазіргі кезеңдегі экологиялық құқықбұзушылық үшін жауапкершілік мәселелері анықталады және оның мәні қарастырылды.

Кілт сөздер: заңдық жауапкершілік, экологиялық құқықбұзушылық, экологиялық заңнамаларды бұзу, әкімшілік жауапкершілік, қылмыстық жауапкершілік, азаматтық жауапкершілік, қоршаған ортаны қорғау, экологиялық қауіпсіздік.

Экологиялық - құқықтық жауапкершілік - бұл нормалардың екі тобын және оларға тиісті құқық қатынастарын көздейтін құқық институтының кешенді салааралық институты: - табиғат қорғау заңнамасы нормаларының бұзылуы жөнінде туындайтын; - құқықты бұзғаны үшін санкцияларды (қылмыстық, әкімшілік, азаматтық т.с.с.) қолданумен байланысты одан әрі жалғасатын құқық қатынастары [1, 215 б.]. Бұл анықтама құқықтың басқа салалары жауапкершілігінің шараларын қолдана отырып, экологиялық құқық нормаларының бұзылуы ретінде экологиялық жауапкершіліктің табиғатын ашады.

Б.В.Ерофеев мынаны атап көрсетеді: «Заңдық және экологиялық-құқықтық жауапкершілік "болмысын" үштүрлі, бірақ өзара байланысты мәнінде қарастырған жөн: 1) заңдық және экологиялық-құқықтық жауапкершілік - мемлекеттік мәжбүрлеу және заңмен жазылған талаптарды орындау; 2) заңдық және экологиялық-құқықтық

жауапкершілік — құқық қатынасы, ол өзінің органдары атынан мемлекет пен құқық бұзушы арасында туындайтын қорғау қатынастары ауқымында іске асады, ол қолайсыз әрекеті үшін құқықтық санкцияларға ұшырайды; 3) заңдық және экологиялық-құқықтық жауапкершілік — мемлекет пен оның органдарының құқық бұзушыға ықпал етудің мәжбүрлеу шараларын қолданудың түрлерін, құралдары мен тәртібін баянды ететін заңдық нормалардың жиынтығы болып табылды [2, 310 б.].

Осы мәндердің әрқайсысының теориялық, ұйымдық және құрылымдық сипаты бар. Экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін заңдық жауапкершілік белгілі бір мақсаттарды орындауға бағытталған, ол мақсаттардың негізгісі мемлекет белгілеген экологиялық тәртіпті қамтамасыз ету. Бұл құқық институты мына негізгі: 1) құқық нормаларын сақтауға, экологиялық- құқықтық нұсқамаларды орындауға ынталандыратын; 2) қоршаған ортадағы ысырапты өтеуге өтемдік және адам денсаулығын қалпына келтіру; 3) жаңадан жасалатын құқық бұзушылықтардың алдын алуды қамтамасыз ететін ескерту; 4) экологиялық құқық бұзушылықты жасаған адамға жаза қолдануда орын алатын жазалау міндеттерін орындайды [3, 277 б.].

Сонымен, жоғарыда айтылған сипаттаманы ескере отырып, мынадай анықтаманы тұжырымдауға болады: экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін заңдық жауапкершілік институты - кінәлі емес адамдардың заңда баянды етілген экологиялық құқық тәртібін сақтау мақсатында оларға мәжбүрлеу ықпалының мемлекеттік шаралары жүйесін белгілейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.

Экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін заңдық жауапкершілікке тартудың негізі экологиялық құқық бұзушылықты жасау болып табылады, одан экологиялық құқықтың нормаларын реттеуді бұзатын құқыққа қарсы кінәлі әрекет немесе әрекетсіздік, мемлекетке, табиғат пайдаланушыға және қоршаған ортаға зиян келтіретін, ал осы арқылы адамның денсаулығына да, не осындай зиян келтірудің нақты мазмұны болатын қоғамдық қатынастар түсініледі [4, 145 б.]. Бұл анықтамадан мынаны аңғаруға болады: экологиялық құқық бұзушылық - бұл табиғат қорғау мен табиғи ресурстарды пайдалануды бұзатын құқыққа қарсы әрекет немесе әрекетсіздік.

Қазақстан Республикасының жекелеген табиғат объектілері бойынша қолданыстағы заңнамасында жер, су, орман және т.с.с. құқық бұзушылықтардың тізбесі келтірілген. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде [5] оны жинақтайтын экологиялық құқық бұзушылықтардың тізбесі жоқ. Сондай-ақ экологиялық құқық бұзушылықтың өзінің ұғымының сипаттамасы да берілмеген. Соған қарамастан, құқық бұзушылықтың өзінің құрамы мен түрлері болады. Экологиялық кодекстің 319-бабы бойынша, экологиялық құқық бұзушылықтың түрлеріне: 1) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын мүлтік жауапкершілікке әкеп соғатын бұзушылық; 2) қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар; 3) экологиялық қылмыстар жатады. Осы заманғы құқықтың теориясымен мыналар көзделген: құқық бұзушылықтың құрамына субъект, субъективтік жақ, объект, объективтік жақ жатады. Бұл құрамдас бөліктер экологиялық құқық бұзушылыққа да сипатты болады.

Экологиялық құқық бұзушылық субъектілері азаматтар, лауазымды адамдар, кәсіпорын, мекеме, ұйым болып табылады. Бұл орайда жеке тұлғаларға шетелдік азаматтар, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар жатады, өйткені оларда табиғат пайдалану жөніндегі құқықтық қатынастарына қатысуы және экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін жауапты болуы мүмкін. Табиғат қорғау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы жеке тұлғалардың жауапкершілігі 16 жасқа толған кезде басталады.

Заңды тұлғаларға, экологиялық құқық қатынастарының субъектілеріне мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелерді, кооперативтік, коммерциялық, шағын, шетелдік нысандары бар бірлескен кәсіпорындарды жатқызуға болады, олар да табиғат пайдаланушылар ролін атқарып, экологиялық жауапты болуы мүмкін.

Экологиялық құқық бұзушылық объектісі қылмыстық ниеттің неге бағытталғанын сипаттайды. Экологиялық құқық бұзушылықтың жалпы объектісі табиғат және оның құрамындағы элементтер болады, олар экологиялық құқық қатынастарының кіші объектілерінде топыраққа, суға, жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне т.б. бөлінеді. Мынаны атап көрсету керек: экологиялық заңнамамен өз болмысында экологиялық құқық бұзушылықтың объектісі бола алмайтын құқықтар болады, мысалға айтсақ, табиғи ресурстардың меншік иесі ретінде мемлекеттің меншік құқығы. Мысалы, Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 164-бабында былай делінген [6]: меншік құқығы мен жер пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде [7] және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінде көзделген тәртіппен қорғалады. Су, Орман кодексінің нормаларын келтіруге болады, бұлар да экологиялық құқық бұзушылықтың объектісі табиғат пайдаланушы мен табиғат иеленушінің құқықтарының заңдылығы болып табылады. Мысал ретінде, Қазақстан Республикасының Су кодексінің 138-бабына сәйкес "өз бетінше басып алынған су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстары заңсыз пайдаланылған уақыт ішінде Қазақстан Республикасының су заңдарының бұзылуынан келтірілген зиян өтеліп, иесіне қайтарылады [8]. Өз бетінше басып алынған су объектілерін қайтару Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Жоғарыда айтылғанның негізінде мынадай дұрыс қорытынды жасау керек: экологиялық құқық бұзушылықтың объектісі табиғат ортасы, мемлекет, табиғат пайдаланушылар мен табиғат иеленушілердің мүддесі танылады. Бұл құқық бұзудың объективті жағы кінәлі адамның құқыққа қарсы әрекеттер жасауынан немесе әрекетсіздігінен көрінеді. Екінші жағынан, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында экологиялық құқық бұзушылықтар көзделген, олардың объективтік жағы әрекетсіздік болып табылады: қоршаған табиғи ортаны қалпына келтіру және табиғи ресурстарды молайту жөнінде шаралар қабылдамау; қоршаған ортаға ластаушы заттардың өндірістік нормативтен тыс шығарулары мен тастандылары және басқа да зиянды авариялық ықпалдары туралы хабарламау; мемлекеттік экологиялық сараптама талаптарын орындамау. Экологиялық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы кінәлі адам жасалған қылмысқа, оның себептеріне, мүдделеріне қатысымен сипатталады.

Экологиялық жауапкершіліктің міндетті факторы құқық бұзушының кінәсі болып табылады. Мұнда да қолданыстағы заңнама кінәнің екі нысанын— қасақана және абайсыздықты көздейді. Егер кінәлі адам табиғатқа немесе табиғат пайдаланушыларға зиян келтіретін әрекет жасаған және ол мұны ұғынып, осыған ниет етсе, онда біз тікелей қасақаналықты қарастырамыз. Егер кінәлі адам келеңсіз салдарлардың басталуына жол беретін болса, оның құқыққа қарсы әрекеттерінде жанама қасақаналық көрініс береді. Абайсыздық дегеніміз кінәлі адам өзінің мінез-құлқының салдарларын алдын ала білуге тиіс болған, бірақ бұған байыпсыз қараған кезде ұқыпсыз мінез-құлқты білдіреді. Мысалы, отқа немесе аса қауіптің шығу көзіне ұқыпсыз қараудың нәтижесінде орман алқаптарын абайсызда жою немесе зақымдау. Экологиялық жауапкершілік шараларын қолдану үшін экологиялық құқық бұзушылықтың барлық белгілерінің және барлық элементтерінің болуы қажет. Экологиялық құқық бұзушылықтың түрлері табиғат объектісіне қарай бөлінеді. Олар мыналарға: 1) Жер құқық бұзушылығы; 2) Су құқық бұзушылығы; 3) Орман құқық бұзушылығы; 4) Тау-

кен құқық бұзушылығы; 5) Жануарлар дүниесін қорғау мен пайдалану жөніндегі құқық бұзушылығы (фауналық құқық бұзушылықтары); 6) Ауаны қорғау құқық бұзушылығы болып бөлінеді. Экологиялық құқық бұзушылық түрлерінің әрқайсысына жер, су, орман және т.б. заңдарының үлкен тобы жатады, олардың тізбесі табиғаттың осы объектілері туралы кодекстерде келтіріледі. Бұл ретте, экологиялық құқық бұзушылықтың бір-бірінен өзгеше ерекшеліктері болады, олар туралы объектілердің құқық бұзушылықтарын талдау кезінде төменде айтылатын болады.

Экологиялық құқық бұзушылықтың түрлеріне: 1) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын мүліктік жауапкершілікке әкеп соғатын бұзушылық; 2) қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар; 3) экологиялық қылмыстар жатады (Экологиялық кодекстің 319-бабы). Қоғамға қауіптілік деңгейіне қарай экологиялық құқық бұзушылық экологиялық қылмыстарға бөлінеді, олар үшін қылмыстық жауапкершілік және теріс қылық үшін әкімшілік, азаматтық және тәртіптік жауапкершілік көзделген.

Басқа құқық бұзушылықтардан өзгеше экологиялық құқық бұзушылықтың ерекшелігі табиғатқа келтірілетін зиян фактісінің болуы не оның басталуының нақты қаупі болып табылады. Экологиялық құқық бұзушылықтың сипаттамасына мұндай көзқарасты көптеген ғалым-экологтар қостайды. Бірақ бұл орайда, біздің ойымызша, егер олар табиғатқа зиян келтіру фактісімен байланысты болмаса, экологиялық құқық бұзушылықтардан табиғат қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану туралы заңды бұзуды бөліп қараған кезде кәте қорытынды жасайды. Осыны табиғат объектілеріне — сату-сатып алуға, сыйға тартуға және т.б. мемлекеттік меншік құқығын бұзатын мәмілелер туралы да айтуға болады — өйткені бұл арада да табиғатқа зиян келтіру болмайды. Біздің ойымызша, зиян ұғымын түсініп алу керек. Табиғатқа келтірілетін зиян бірнеше мағынада түсіндірілуі мүмкін. Мысалы, Бекішеваның С.Д. пікірі бойынша, экологиялық зиянды объектілер бойынша қоршаған табиғат ортасына келтірілген зиян және жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің экологиялық құқықтары мен заңды мүдделеріне келтірілген зиян деп топтастыруға болады [9, 174 б.].

Қоршаған табиғат ортасына келтірілген зиян мына жағдайларда: — табиғат ортасының қоршаған ортасының ластануы кезінде; — қоршаған табиғат ортасының былғанып қалуы кезінде; — табиғи ресурстардың таусылуы кезінде; — табиғат объектілерінің жойылуы, бұзылуы, зақымдануы кезінде; — экологиялық байланыстардың бұзылуы, табиғи ортадағы экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы кезінде пайда болады. Жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің экологиялық құқықтары мен заңды мүдделеріне келтірілген зиянды экономикалық зиян және антропогендік зиян деп бөлуге болады.

Экономикалық зиян табиғат пайдаланушылардың - жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттің мүліктік құқықтары мен мүдделеріне қол сұғады. Ол мыналардан: — табиғаттың тауарлы өнімінің ысырабынан; — мүліктің, ауыл шаруашылығы өнімдерінің астық түсімінің бұзылуынан, жоғалуынан; — пайдаланылмаған шығындардан, айырылып қалған пайдадан; — табиғат ортасының бұзылған жай-күйін қалпына келтіруге жұмсалған шығыстардан көрінеді. Антропогендік зиян — бұл адамның өзін қоршаған ортаның сапасының нашарлауы нәтижесінде оған келтірілген зиян. Яғни бұл адам денсаулығына келтірілген зиян. Сөйтіп, экологиялық құқықтың теориясында зиянды табиғаттың экологиялық және экономикалық зиянына бөліп топтастыруы бар. Экономикалық зиян табиғат пайдаланушылардың мүліктік мүдделерін қозғайды және материалдық көрінісін

білдіреді. Мұндай зиянды қалпына келтіру азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің жалпы негіздеріне сәйкес жүргізіледі. Экологиялық зиян табиғаттың өзінің жай-күйін қозғайды. Ол материалдық көрінісін білдірмейді, өйткені табиғат пен табиғат объектілерінің өз болмысында құны болмайды. Экологиялық зиянды қалпына келтіру ақша қаражаттары арқылы емес, керісінше табиғи объектіні заттай қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу арқылы мүмкін болады. Екінші жағынан табиғаттың өзіне зиян келтіре алмайды. Экологиялық қатынастар тек табиғатты қорғау тұрғысында ғана емес, сонымен бірге оны пайдалану мәселелері бойынша да туындайды. Демек, мемлекеттің рұқсатымен табиғат пайдалануды жүзеге асыратын тұлғалардың мүдделері де экологиялық құқықтың нормаларымен қорғалуға тиіс. Сондықтан экологиялық құқықтың бұзылуынан келтірілетін зиян табиғи ресурстарының меншік иесі ретінде табиғат пайдаланушыларының мүдделері мен мемлекетке келтірілуі мүмкін. Сонымен, табиғат ортасына келтірілген зиян экологиялық құқық бұзушылық деген сөз емес. Оның үстіне табиғи ортаның ластануымен табиғатқа келтірілетін зиян бірнеше жыл немесе ондаған жылдар өткен соң білінуі мүмкін.

Экологиялық зиянның ошағы қоршаған ортаның ластану аумағынан едәуір алыста болуы мүмкін. Бұдан мынаны айтқан жөн: тек табиғатқа қана емес, сондай-ақ табиғи ресурстарының меншік иесі ретінде табиғат пайдаланушылары мен иеленушілерінің мүдделері мен мемлекетке келтірілген зиян экологиялық құқық бұзушылықтың ерекшелігі болып табылады.

Қоршаған ортаны қорғау туралы заңды бұзғаны үшін заңдық жауапкершіліктің түрлері Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 320-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады. Қоғамдық қауіптілік деңгейіне, субъектілер мен объектілерге, басқа да белгілеріне қарай экологиялық заңды бұзғаны үшін заңдық жауапкершілік түрлерге бөлінеді, оларға сәйкес лауазымды адамдар мен азаматтар табиғат қорғау заңдарын бұзғаны және қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін заңмен белгіленген тәртіптік, материалдық, әкімшілік не оған нақты қауіп төндіргені үшін қылмыстық жауапты болады. Қоғамдық қауіптіліктің жоғары деңгейі бар аса ауыр экологиялық құқық бұзу деп экологиялық қылмыс танылады. Экологиялық қылмыс деп Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген экологиялық құқық тәртібіне, қоғамның экологиялық қауіпсіздігіне, қоршаған табиғат ортасына немесе адамның денсаулығына елеулі нұқсан келтіріп жасалған қол сұғушылықтан көрінетін елеулі зиян келтіруді ұғыну керек.

Экологиялық құқық бұзушылық үшін жауапкершілік табиғатты қорғау саласындағы аса кең таралған түрлері болып табылады. Әкімшілік жауапкершілік шараларын қолдану үшін негіз әкімшілік теріс қылық жасау болып табылады. Қолданыстағы заңнама бойынша ҚР-ның "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексіне [10] сәйкес мынадай әкімшілік жазалары көзделген: ескерту жасау; әкімшілік айыппұл салу; әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы немесе оның тікелей объектісі болған заттың өтемін төлеп алып қою; әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы немесе оның тікелей объектісі болған затты тәркілеу; белгілі бір азаматқа берілген арнаулы құқықтан айыру; түзеу жұмыстары; әкімшілік қамау. ҚР-ның Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке 16 жасқа толған азаматтар мен лауазымды адамдар, сондай-ақ заңды тұлғалар тартылады.

Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді сот органдары, ішкі істер органдары, мемлекеттік автомобиль инспекциясы, мемлекеттік өртке қарсы қызметі, Қоршаған ортаны қорғау

министрлігінің органдары мен осыған арнайы өкілеттігі бар өзге де органдар (аңшылық инспекциясы, балық аулауды қадағалау, жерге орналастыру қызметі және т.б.) қарайды. Кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың өздерінің еңбек міндеттемелері мен қызметінен туындайтын табиғат қорғау заңын бұзуға, қызмет жағдайын, қоршаған табиғат ортасын және табиғи ресурстарды қорғау жөніндегі жоспарлар мен шараларды орындамауда кінәлі кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың лауазымды адамдары еңбек, өндірістік және технологиялық тәртіпті реттейтін ҚР Еңбек кодексіне [11], ережелеріне, жарғыларға, ішкі еңбек реті ережелеріне және басқа да нормативтік актілерге сәйкес тәртіпті жауапты болады. Тәртіптік жазаны кәсіпорынның немесе мекеменің әкімшілігі қолданады және бұйрықпен ресімделеді. Қызметкер тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін жұмыс беруші тәртіптік жазалардың мынадай түрлерін қолдануға: ескерту жасауға; сөгіс беруге; қатаң сөгіс беруге; жұмыс берушінің бастамашылығы бойынша жеке еңбек шартын бұзуға құқылы. Егер қызметкердің заңсыз әрекеттері нәтижесінде кәсіпорынға материалдық зиян келтірілетін болса, онда қызметкерге тәртіптік жауапкершіліктен басқа тағы да материалдық жауапкершілік жүктеледі. Материалдық жауапкершіліктің мәні қызметкердің міндетіне оның кінәсінен кәсіпорынға келтірілген зиянды өтеуде болып табылады. Қызметкердің заңсыз әрекеттері нәтижесінде аса кеңінен таралған қосымша жағдайлармен қоршаған ортаға өндіріс пен тұтыну қалдықтарының шығарындысын тастауы болады. Кәсіпорын табиғатқа келтірілген нұқсанды өтегеннен кейін қызметкер өзінің жалақысынан кәсіпорынға келтірілген зиянды төлейді. Заңнамада қызметкердің толық материалдық жауапты болуы кезіндегі негіздер көзделген.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік экологиялық құқық бұзушылықпен келтірілген материалдық нұқсан өтелген жағдайда қолданылады. Бұл жағдайда табиғатқа келтірілген нұқсанның материалдық сыйақысы болуға тиіс, мұның өзі табиғаттың, ауаның, судың, орманның және т.б. ластануымен келтірілген нұқсанды есептеген кезде барлық ретте мүмкін бола бермейді. Осыған байланысты заңнамамен азамат немесе заңды тұлға келтірген нұқсанды есептеудің екі ұдайы тетігі қолданылады. Бірінші жағдайда, экологиялық заңды бұзғаны үшін мүлкіктік жауапкершілік тіркелген ақша төлемдері, арнаулы нақты түр немесе табиғат кешенінің объектісі үшін арнаулы кесімді баға нысанында белгіленеді. Бұл кесімді бағалар Қазақстан Республикасында жер бетіндегі жануарларға, ормандарға, балықтарға қатысты белгіленген. Екінші жағдайда, нұқсан Азаматтық заңның жалпы негіздері бойынша есептеледі, ҚР-ның Азаматтық Кодексіне және заңға бағынышты актілерге сәйкес есептеледі. Қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды бұзу салдарынан келтірілген зиянды өтеу ерікті түрде не соттың немесе төрелік соттың шешімі бойынша белгіленген тәртіппен нұқсанды есептеудің бекітілген кесімді бағасы мен әдістемесіне сәйкес, ал олар болмаған жағдайда, келтірілген залалдарды ескере отырып, қоршаған ортаның бұзылған жай-күйін қалпына келтіруге жұмсалған нақты шығындар бойынша жүргізіледі.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Петров В.В. Экология и право. - М., 1981. - С.215.
- 2 Ерофеев Б.В. Экологическое право. - М., 1998. С. 310.
- 3 Культелеев С.Т. Экологическое право Республики Казахстан. – Алматы, 2003. – С.277.
- 4 Петров В.В. Экология и право. - М.,1981. –С.145-147.
- 5 Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі. – Алматы: Юрист, 2017.

6 Қазақстан Республикасының Жер кодексі. – Алматы: Юрист, 2017.

7 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. – Алматы: Юрист, 2017.

8 Қазақстан Республикасының Су кодексі. – Алматы: Юрист, 2017.

9 Байдильдинов Д.Л., Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан. – Алматы, 2004. – С.174.

10 Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. – Алматы: Юрист, 2017.

11 Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі. – Алматы: Юрист, 2017.

Резюме

В последние годы проблема охраны окружающей среды стала одной из наиболее острых глобальных проблем, волнующих все человечество. В данной работе рассматривается комплексный анализ юридической ответственности за нарушение экологического законодательства Республики Казахстан, рассматривается ее сущность и выявляются проблемы ответственности за экологические правонарушения на современном этапе.

Summary

In recent years the problem of environmental protection became one of the most acute global issues exciting all mankind. In this work the analysis of legal responsibility for violation of the ecological legislation of the Republic of Kazakhstan is considered complex, considered its essence and comes to light problems of responsibility for ecological offenses at the present stage.

УДК:343.533.5:347.61/.64(574)

Дүйсенбаев Б.
Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық
заң академиясының
1-курс магистранты

ОТБАСЫНДАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аталған мақалада қазіргі таңдағы отбасындағы зорлық-зомбылық мәселелеріне тоқталып, жалпы криминологияның саласы отбасы криминологиясы кеңінен қарастырылған.

Кілт сөздер: отбасы, зорлық-зомбылық, агрессия, криминология, девианты отбасы.

Қазақстан Республикасындағы жалпы әлеуметтік және экономикалық ахуалдың қазіргі кездегі жағдайында отбасы ішіндегі зорлық-зомбылыққа қарсы іс-әрекет проблемасы өте өзекті. Ел үшін күрделі кезеңде келеңсіз үдерістердің дамуы тұрақсыздандыру құбылыстарына әкеледі, сол сияқты отбасына да келеңсіз әсерін тигізеді [1, бб.].

Қазіргі заманғы отбасы көптеген қолайсыз, кейде тіпті криминогендік факторлардың аясында дағдарысты басынан кешіп отыр. Ер адам мен әйел арасындағы қарым-қатынастар заңды түрде бекітуді мұқтаж етеді. Ерлі-зайыптылар арасындағы өзара қарым-қатынастардың үйреншікті қалпы бұзылды: отбасы өз тұрақтылығынан

айырылды, айырылысу ерекше фактіден қалыптыға айналды, ата-ананың ықпалы әлсіреді. Туыстар арасындағы даулар жиі қылмысты сипатта: ұрып-соғудан кісі өлтіруге дейін орын алуда.

Әке мен анаға, ата мен әжеге деген құрметтің бастапқы түп қазығы жоғалуда, мүмкін моральдық және этикалық құндылықтардың дағдарысы өскелең ұрпақтың тәрбиелілігінің деңгейіне әсерін тигізгендіктен шығар. Сондықтан қазіргі балалардың жағдайын «қаңбақ» синдромы ретінде белгілеуге болады. Өсіп келе жатқан ұрпақ қаңбақ өсімдігі секілді бір құндылықтардан алшақтады (кеңес кезеңіндегі тәрбие салдары), бірақ басқаларға, былайша айтқанда жаңа нысандағы «әке мен бала» қарым-қатынастарына әлі жеткен жоқ, себебі тіпті олардың ата-аналарының өздері қоғам өмірінің қазіргі болмысы аясындағы адамгершілік-этикалық көзқарасын анықтай алмай отыр. Біз шамалы адасу үстіндеміз, сондықтан бізге ұлы Абайдың «Қара сөздерінде» (бірінші сөз) айтып өткен жағдайды еске алуымыз жөн болар: «Бағар едім, қалайша бағудың мәнісін де білмеймін, не болсын деп бағам, қай елге қосайын, қай харекетке қосайын? Балаларымның өзіне ілгері өмірінің, білімінің пайдасын тыныштықпенен көрерлік орын тапқаным жоқ, қайда бар, не қыл дерімді біле алмай отырмын, не бол деп бағам...?» [2].

Отбасы ішіндегі зорлық-зомбылық жағдайында, жалдамалы кісі өлтірушілер оғынан гөрі, туыстардың қолынан мерт болуы анағұрлым жиі кездесетіндіктен қоғамға үлкен қауіп төндіреді. Кез келген тұлға, оның ішінде кісі өлтіруші (киллер) мен қарақшы тұлғасы да жанұяда қалыптасады, яғни сол жерде жасалатын, әсіресе құқыққа қайшы зорлық-зомбылық іс-әрекеттерінің маңыздылығы ерекше. Осындай жағдайларда отбасы адамның психологиялық қорғаныс орталығы рөлін атқара алмайды, тәрбиелеу функцияларын орындай алмайды. Отбасы ішінде зорлық-зомбылықтың орын алуы және осы себептен жеке тұлғаның бала кезінде қолайсыз жағдайда қалыптасуы көбінесе қатыгездікті тудырады, келешекте балалардың құқық бұзушылық әрекеттерін жасауына итермелейді, қоғамға адамгершілік жағынан орны толмас зиян келтіреді.

Сол сияқты отбасы ішіндегі агрессияның зияндылығы сол, жыл сайын жанжалды отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастардағы барлық кісі өлімінің үштен аса бөлігін өздерін қорғай алмайтын балалар, қарттар, мүгедектер мен әйелдер құрайды. Зорлық-зомбылық әрекеттері ерекше қоғамдық пікірді қалыптастырады. Құқық қорғау органдарының, соттардың, денсаулық сақтау органдарының, әлеуметтік қамтамасыз ету органдарының қызметтеріне, отбасылық зорлық-зомбылық құрбандарына баспана ұстауына және әлеуметтік сақтандыру жүйесіне едәуір ақша қаражаты жұмсалады [3; 6-76б.].

Қазақстанда отбасылық криминология жалпы криминологиялық ғылым арнасында қалыптасты. Ол қалыптасқан ұғымдар аппараты, ғылыми базасы мен белгілі зерттеу саласы бар әлеуметтік-құқықтық тәртіпті білдіреді, оның негізіне қылмыстылық пен отбасы институтының өзара тәуелділігі жатады [4; 338б.].

Отбасылық криминология (отбасылық қарым-қатынастардың криминологиясы, кримиофамилистика), жалпы криминологияның саласы бола тұрып, отбасылық саланың криминогендік факторларын және оларды айқындайтын қылмыстық мінез-құлығын, сондай-ақ қылмысқа қарсы іс-әрекет көрсету мақсатында оларға деген әлеуметтік ықпалын зерттейді. Кримиофамилистика ең ірі криминологиялық проблемаларды отбасылық қарым-қатынастардың төңірегінде қарастырады. Бұл проблемаларға:

- отбасы ішіндегі ер адамдардың және әйелдердің қылмыстық мінез-құлқын қоса алғанда, отбасы ішіндегі қылмыстар;

- отбасының кәмелетке толмағандардың қылмыстылығына әсері;
- отбасының пайдакүнемдік пен зорлық-зомбылықты қылмыскердің жеке басының қалыптасуына әсері;
- отбасының қылмыстардың қайталануына әсері;
- қылмыстардың жаппай молаюының отбасылық себептер тетігі;
- отбасына ықпал ету арқылы қылмыстардың алдын алу жатады [5; 7-9 б.].

Ғылыми әдебиетте отбасы - тұрмыс пен өзара жауапкершіліктің ортақтастығына байланысты адамдардың некеге немесе қандас туыстыққа негізделген бірлестігі ретінде қаралады.

Сау отбасы – бұл бұзылған экономикалық және әлеуметтік-психологиялық үдерістердің ықпалына түспеген отбасы, оның мүшелері толық дене, рухани және әлеуметтік әл-ауқатының жағдайында өмір сүруде. Осындай отбасылар арасында бақытты отбасылар қалыптасады.

Бейімделген отбасы – бұл отбасы ішіндегі қарым-қатынастары келісушілікпен, өзара түсіністікпен, тұрақтылықпен сипатталатын отбасы. Сау отбасына қарағанда, ол жайсыздау, бірақ оның заңға бағынатын мүшелері отбасының басқа мүшелерінің мүдделеріне, мінездеріне, дәстүрлеріне, қылықтарына сәйкес негізгі мұқтаждықтарын қанағаттандырады, шеттету жоқ, оларда тұлғааралық қарым-қатынастардағы даулылықтың, шиеленушіліктің төмен деңгейі ерекшеленеді, тұрмысы өте жоғары деңгейде.

Девиантты отбасы – бұл жоғары әлеуметтік бақылауды қажет ететін отбасы. Осы отбасы трансцендентті және сәтсіз болып екі түрге бөлінеді.

Әлеуметтанушылар ішкі істер органдары үшін профилактиканың маңызды объектісі болып табылатын, тұрмысы қолайсыз отбасыларды проблемалы (немесе әлеуметтен тыс отбасылар) және ұйымдастырылмаған деп шартты түрде бөледі.

Проблемалы отбасы (немесе әлеуметтен тыс отбасы) – бұл мүшесі (мүшелері) мүгедектікке, науқасқа, отбасы ішіндегі жанжалдар мен қатыгез қарым-қатынасқа, жұмыссыздыққа, сондай-ақ олардың өмір тіршілігін бұзатын өзге де мән-жайларға байланысты қиын өмірлік жағдайға тап болған және проблеманы дербес шеше алмайтын отбасы. Отбасы ішіндегі қарым-қатынастардың шиеленісуі, өзара түсінушіліктің болмауы, бірге тұру жайлылығының жоқтығы отбасы ішіндегі және одан тыс саладағы жанжалдардан, заңсыз мінез-құлқтан байқалады.

Проблемалы отбасының өзі дағдарысты және криминогендік отбасы болып бөлінеді.

Дағдарысты отбасы – бұл күтпеген жағдайлардың пайда болуы салдарынан (өз күшімен еңсерілмейтін) мемлекет тарапынан жедел әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы. Оларға өртке ұшыраған отбасыларды, оқыс оқиға нәтижесінде ата-анасыз қалған отбасыларды жатқызуға болады.

Криминогендік отбасы - отбасылардың үш түрінен құрылған: жанжалды, әлеуметсізденген және қылмысты.

Жанжалды отбасы – бұл отбасы ішінде жанжалдардың болуы отбасының ішінде, сондай-ақ одан тыс жерлерде қылмыстардың белгілі бір түрінің жасалуына мүмкіндік туғыза алады.

Әлеуметсізденген отбасы – мүшесінің қылмыс жасауына мүмкіндік туғызатын не оған қарсы әрекет етпейтін отбасы.

Қылмысты отбасы – бұл заңға қайшы бірлескен әрекетке туысқандарды тартумен қылмысты топ болып жасалатын және олардың қылмыстық мінез-құлқын мақсатты түрде тудыратын отбасы [6; 163-172 б.].

Қазіргі кезде отбасы ішіндегі қылмыстық зорлық-зомбылықтың детерминациялау проблемасын зерттеу қажеттілігі туды.

Жаһанды экономикалық дағдарыстың өзі де, өндірістің тоқтауы, жұмыссыздықтың өсуі және осының аясында отбасы мен ұжымда қалыптасып келе жатқан психоэмоциялық ахуал белгілі бір дәрежеде отбасы ішіндегі қылмыстық зорлық-зомбылықтың детерминанты ретінде көрінеді, тіпті отбасы ішіндегі зорлық-зомбылық қылмыстардың генезисі де өзгеруде, отбасы ішіндегі зорлық-зомбылықтың криминогендік факторлар жүйесі құқық нормаларын айтпағанда, этикалық және моральдық нормалардың барлық қырларын өшіреді, зорлық-зомбылық бағыттағы криминогендік факторлардың отбасына ықпал ету диалектикасы. Отбасы қолайсыздығының алуан түрлілігі және тіпті объективтік сипаттағы қолайсыз факторлар психоэмоциялық және денесіне тиіспеушілік құқығына қол сұғу түріндегі ауыр салдарларға әкеледі, бірақ біз үшін маңызды нәрсе - қазіргі кезде рухани қауіпсіздік бұзылуда және қазақ халқының бүкіл генетикалық қоры үшін қауіп төнуде. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңының рөлі аса орынды.

Біз үшін «отбасылық қарым-қатынастар» - бұл үй, баспана, балалар, жайлылық пен сенімділік, қорғаныш, онда біз балалық шақтың елесін, ата-ананың балаға деген махаббатын, сондай-ақ, әже мен ата, аға мен әпке арасындағы өзара қарым-қатынастарын есімізге түсіреміз. Осылайша, отбасы бұл біз үшін әлем жайындағы алғашқы бейнелер, қарым-қатынастың алғашқы әрі өте маңызды сабақтары.

Бірақ, кейде «үй» сөзі ассоциациялағанда қарама-қарсы «зорлық-зомбылық» сөзімен үйлеседі. «Үйдегі зорлық-зомбылық» сөз тіркесі – біреулер үшін ақылға сыймайтын, ал біреулер үшін шындық болып табылады. Өзіне төнген қауіпті сезіп, күндіз де, түнде де, жауын-шашында да үйден далаға қашып кететіндер үшін ол - шындық, себебі үйде зорлық-зомбылық жасалады.

Үйдегі зорлық-зомбылық, бүгінгі күнде отбасы ішіндегі келеңсіз жағдай ғана емес, сондай-ақ тұтас қоғам өмірінің тіршілігі. Өйткені отбасы ішіндегі зорлық-зомбылық оның тіршілік әрекетін бүлдіріп қана қоймай, жалпы қоғамның қауіпсіздігін де бұзады.

Бірге тұруға және жезөкшелікке, педофилияға мәжбүрлеу, зорлау, алкогольизм және нашақорлық аясында тұрмыстық зорлық-зомбылық пен кісі өлтіру, садизм, жүйелі түрде ұру және психологиялық зорлық-зомбылық секілді әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық түрлерінің анық байқалатын нысандарын айтып өтіп, Қазақстандағы Отбасы жағдайын жақсарту тұжырымдамасы өз алдына мынадай мақсаттар мен міндеттерді белгіледі:

- отбасының кез келген мүшесіне қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және оны жою;

- олардың құқықтарын қорғау.

Алайда көрсетілген мақсаттарға қол жеткізудің барлық құралдары орындалды деп айтуға болмайды. Мысалы, отбасы ішіндегі зорлық-зомбылыққа қатысты адам құқықтары жөніндегі халықаралық-құқықтық нормалар мен құжаттар, атап айтқанда «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою (түбірімен құрту) туралы» декларация бекітілмеді, заңнаманың гендерлік сараптамасы жүргізілмеді.

Зорлық-зомбылықтың себептері өте көп. Олар социомәдени, психологиялық, экономикалық және өзге де факторлардың үйлесуімен айқындалады, олардың ешқайсысына осы құбылыс үшін жауапкершілік артылмайды.

Қоғамның мәдени дамуының жалпы деңгейі зорлық-зомбылықтың ең күрделі әрі маңызды себептерінің бірі болып табылады.

Сонымен, Қазақстан Республикасы «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңының негізгі ережелері отбасы ішіндегі зорлық-зомбылыққа қарсы іс-әрекеттерді елеулі жақсартуға мүмкіндік туғызады деген ой келеді. Отбасы ішінде, қоғамда және мемлекетте зорлық-зомбылықтың түп-тамырын жою мәселелері бойынша маңызды міндеттерді шешуге кешенді әрі көпжақты тәсілді әзірлеу тек қана қажеттілік емес, сонымен қатар, қол жеткізетін мақсат. Ер адамдар мен әйелдер арасындағы теңдік, әріптестік және адамның қадір-қасиетін құрметтеу идеясы әлеуметтену үрдісінің барлық кезеңдеріне енуі тиіс. Білім беру жүйесі ер адамдар мен әйел адамдар арасындағы өзін-өзі құрметтеуді, өзара құрметтеуді және ынтымақтастықты көтермелеуге тиіс деп есептейміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Джекебаев У.С. О социально-психологических аспектах. Алматы// 1971.
2. Абай. Қара сөздер // www.nabr.kz.
3. Сарсенбаев Т.Е. Теория и практика охраны прав и законных интересов беспомощных жертв преступления в досудебном производстве (по материалам Казахстана и России): автореф...д.ю.н.- М., 2005. – 52 с.
4. Шестаков Д.А. Криминология: Новые подходы к преступлению и преступности: Противодействие преступности в изменяющемся мире: Учебник. 2-е изд., перераб. и доп. / Предисл. В.П. Сальникова. – СПб.: Издательство Р.Асланова «Юридический центр Пресс», 2006. – 561 с.
5. Побегайло А.Э. Семейное неблагополучие в системе детерминации преступного поведения несовершеннолетних: дисс. ... канд. юрид. наук. – М., 2007. – 30 с.
6. Шестаков Д.А. Внутрисемейные насильственные преступления: Уголовно-правовой аспект // Правоведение. – СПб., 2001. №2. – 200 с.

Резюме

В данной статье основное внимание уделяется проблемам бытового насилия, а общий криминальный дискурс широко используется в семейной криминологии.

Summary

The article focuses on the problems of domestic violence, and the general criminal discourse is widely used in family criminology.

Дюсупов Б.Б.
магистрант 2 года обучения
Евразийской юридической
академии имени Д.А.Кунаева

ЭТАПЫ СОЗДАНИЯ СИСТЕМЫ ЮВЕНАЛЬНОЙ ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

В статье рассмотрены первопричины создания системы ювенальной юстиции в Казахстане. Рассмотрены основные стадии создания ювенальной юстиции в Казахстане. Сделан анализ роли международных организации в этом процессе. Установлена современная структура ювенальной юстиции Казахстана.

Ключевые слова: ювенальная юстиция, права детей, дети столкнувшиеся в правоохранительной системой.

Основой формирования концепции юридического воздействия, безусловно, служит международная правовая база, представленная в основном Декларацией прав ребенка (1959 г.), Конвенцией ООН о правах ребенка (1989 г.), Минимальными стандартными правилами ООН, касающимися отправления правосудия в отношении несовершеннолетних (Пекинские правила, 1995 г.), Руководящими принципами организации ООН для предупреждения преступности в отношении несовершеннолетних (Эр-Риядские руководящие принципы, 1990 г.); Правилами ООН, касающимися защиты несовершеннолетних, лишенных свободы (1990 г.).

Наиболее актуальные вопросы формирования нормативной и институциональной базы ювенальной юстиции отражены в Концепции правовой политики Республики Казахстан, одобренной Указом Президента Республики Казахстан от 20 сентября 2002 г. № 949.

Первоначальный доклад Республики Казахстан о выполнении Конвенции был подготовлен в марте 2001 года, в то время как нормы Конвенции предусматривают предоставление доклада через два года после присоединения к договору. Доклад состоял из двух частей, включал информацию о мерах, принятых Республикой Казахстан по осуществлению Конвенции в период с 1994 по 2000 год. После ознакомления с докладом последовала незамедлительная реакция неправительственных организаций Республики Казахстан, которые в 2002 году подготовили альтернативный доклад о выполнении Конвенции Казахстаном, включавший в себя комментарии к правительственному докладу. Первый правительственный отчет был заслушан на 33-й сессии Комитета ООН по правам ребенка в июне 2003 года в г. Женеве, по результатам которого Комитетом был подготовлен пакет замечаний и рекомендаций к докладу. На данной сессии экспертами Комитета ООН по правам ребенка была дана позитивная оценка мерам, предпринимаемым Правительством Республики Казахстан в области защиты прав детей. Одним из положительных достижений признано развитие и совершенствование новой законодательной базы, а также сотрудничество государственных органов с международными организациями и различными органами ООН по вопросам детства. Казахстану был дан ряд рекомендаций, среди которых основными можно назвать необходимость разработки национального плана действий по улучшению положения детей в стране и создание специального уполномоченного

органа для обеспечения межведомственной координации в решении вопросов защиты детства.

В числе рекомендации Комитета ООН было направление по разработке и внедрению системы профилактики и предупреждения противоправной деятельности несовершеннолетних.

В 1999 году два международных консультанта ЮНИСЕФ провели исследовательскую миссию в отношении соблюдения прав по охране детей и подростков в Казахстане¹¹. Затем последовало проведение всесторонней оценки системы ювенальной юстиции, подготовленной Датским центром по правам человека в 2002 году [1, с. 7.]. Итогом работы стала выработка подробных рекомендаций:

- необходимо совершенствовать сбор данных по совершенным подростками преступлениям и системе ювенальной юстиции;
- необходимо создать отдельную систему ювенальной юстиции, в том числе специализированные суды и профилактические и реабилитационные организации в рамках сообщества;
- необходимо провести обучение сотрудников правоохранительных органов, судей и адвокатов; ввести специальность «социальный работник»;
- НПО должны пользоваться преимуществами, получаемыми в результате укрепления потенциала [2].

Эти рекомендации и стали стартом для большой работы в этом направлении.

Впервые вопрос создания специализированных ювенальных судов был поднят в 2001 году, когда Верховный Суд Республики Казахстан, Генеральная прокуратура, Министерства Юстиции совместно с Фондом Сорос - Казахстан и Правовым Открытым обществом (КОЛПИ) подписали протокол о реализации пилотного проекта: «Ювенальная юстиция в Казахстане» [3]. 19 октября 2006г. В Комитете уголовно-исполнительной системы Министерства юстиции Республики Казахстан состоялось заседание рабочей группы, на обсуждение которой был вынесен перечень предстоящих преобразований УИС, необходимых для создания в стране, эффективно действующей и ориентированной на защиту прав детей системы ювенальной юстиции [4].

На этих встречах была выявлена общая обеспокоенность существующим положением дел. Несовершеннолетний, оказавшийся в конфликте с законом, нуждается в помощи, а именно, в комплексном сопровождении и поддержке в процессе судопроизводства. К примеру, как показывает практика, пребывание в пенитенциарных учреждениях не только не исправляет малолетних преступников, но еще более закрепляет сформированную в процессе жизни, имеющегося семейного воспитания, отрицательную сторону поведения. Психологические исследования свидетельствуют, что через полтора года пребывания в условиях режимного учреждения происходят необратимые изменения в структуре личности, психике взрослого человека, затрудняющие его последующую реабилитацию и ресоциализацию в обществе. Можно предположить, что неокрепшая психика подростка «ломается» еще быстрее, а процесс восстановления становится еще более затратным и трудоемким.

В этой связи, признана необходимость изменения методов работы с несовершеннолетними в системе уголовного правосудия и принято решение об инициировании пилотного проекта «Ювенальная юстиция в Казахстане». Основной целью проекта являлось создание и обеспечение функционирования специализированной системы правосудия для несовершеннолетних, подозреваемых или обвиняемых в совершении преступления, в двух административно –

территориальных единицах (районах): в городе Алматы и Алматинской области путем наиболее полной реализации положений законодательства Республики Казахстан.

Параллельно был принят Закон «О профилактике правонарушений среди несовершеннолетних и предупреждении детской безнадзорности и беспризорности» регулирующий реализацию государственной политики в области профилактики правонарушений, безнадзорности и беспризорности среди несовершеннолетних, которая является элементом государственной политики в отношении соблюдения законных прав и интересов детей и включает в себя создание правовых и социальных гарантий для несовершеннолетних, материально-техническое, финансовое, научно-методическое и кадровое обеспечение органов и учреждений, составляющих систему профилактики правонарушений, безнадзорности и беспризорности среди несовершеннолетних. Постановлением Правительства Республики Казахстан в феврале 2003 года была утверждена Программа молодежной политики на 2003-2004 годы.

Проект начал свою реализацию 17 марта 2003 г. в двух пилотных районах — Ауезовском г. Алматы и Карасайском Алматинской области и продлился до 2006 г. В целях обеспечения реализации проекта и согласно Протоколу о намерениях в рамках этого проекта были созданы четыре структуры:

1) экспертный совет, состоящий из 10 человек, — представителей Администрации Президента, Генеральной прокуратуры, Верховного Суда, Конституционного Совета, центральных аппаратов Министерств внутренних дел и юстиции РК. К компетенции указанного совета было отнесено осуществление общего контроля за ходом реализации проекта, разрешение проблемных вопросов и выработка итогового решения по итогам эксперимента;

2) рабочая группа, состоящая из 15 человек. Задачами этой группы было обеспечение контроля за исполнением проекта, наблюдение за ходом реализации проекта и оказание содействия для достижения ожидаемых результатов;

3) непосредственные исполнители проекта в количестве 63 человек, из которых 15 сотрудников органов внутренних дел, 5 сотрудников прокуратуры, 6 судей, 2 работника уголовно-исполнительной системы, 15 адвокатов (члены Алматинских городской и областной коллегий адвокатов) и 20 социальных психологов. Все исполнители прошли соответствующие курсы обучения по специальным программам, что соответствовало международным стандартам, предусматривающим специализацию сотрудников, работающих с несовершеннолетними;

4) администрация проекта, состоявшая из сотрудников и экспертов Института конституционной и правовой политики (г. Будапешт) и Фонда Сорос-Казахстан. Ее основная функция заключалась в организационном обеспечении проекта. К работе проекта были привлечены также международные эксперты и консультанты специалисты в области ювенальной юстиции [5].

К данному процессу впервые подключилось Министерство образования и науки РК, куда входил Комитет по охране прав ребенка. В этой связи, 30 марта 2007 года на заседании Совета по правовой политике при Президенте Республики Казахстан было принято решение необходимости создания системы ювенальной юстиции в республике. 19 августа 2008 года Указом Президента была одобрена Концепция развития ювенальной юстиции в Республике Казахстан на 2009-2011 годы, цель которой поэтапное внедрение и развитие элементов ювенальной юстиции для повышения эффективности и качества отправления правосудия несовершеннолетних.

В период реализации данной программы Правительство Республики Казахстан принимает целый ряд самостоятельных нормативных документов, которые были

направлены на улучшение государственной политики в области защиты прав детей, например, Программа профилактики правонарушений и борьбы с преступностью в Республике Казахстан на 2005-2008 гг., утвержденная постановлением Правительства Республики Казахстан от 24 декабря 2004 г. № 1355; Программа «Дети Казахстана» на 2007-2011 гг., утвержденная постановлением Правительства РК от 21 декабря 2007 г. № 1245. Кроме того, именно в этот период создаются специализированные органы, имеющие своей целью защиту прав несовершеннолетних, правовой статус которых нормативно утвержден Положением о Межведомственной комиссии по делам несовершеннолетних и защите их прав при Правительстве Республики Казахстан; утвержденным постановлением Правительства РК от 24 мая 2007 г. № 415 и Положением о специальных организациях образования, утвержденным приказом Министра образования и науки РК от 27 января 2005 г. № 42. Кроме того, усиливается статус ранее действовавших государственных органов, таких как Социальная служба для молодежи, созданная еще в 1993 году которая работает по ряду важных направлений, и включает в себя: центры информации для молодежи; молодежные биржи труда; пункты социально-психологической помощи; общежития-приюты для подростков и молодежи, оказавшихся в конфликтной ситуации дома или без определенного места жительства; клубы психологической поддержки и реабилитационные центры для инвалидов; спортивные, досуговые и культурные объединения молодежи; реадaptационные центры для молодых граждан, освободившихся из учреждений пенитенциарной системы. Вместе с тем, создание ювенальных судов стало не только первым, но и важнейшим звеном в формировании в Казахстане системы ювенальной юстиции, уже исходя из конституционного принципа, что именно суд обладает наиболее широкими возможностями при решении вопросов, касающихся защиты прав и законных интересов несовершеннолетних. Подписание Президентом РК Указа о создании ювенальных судов в Казахстане в 2005 году стало краеугольным камнем формирования в Казахстане ювенальной системы.

В декабре 2006 года в г. Астане состоялось итоговое расширенное заседание, на котором рассматривались результаты реализации проекта «Ювенальная юстиция в Казахстане». Проект по созданию системы ювенальной юстиции в Казахстане был признан успешным. 30 марта 2007 года на заседании Совета по правовой политике при Президенте Республики Казахстан было принято решение о необходимости создания системы ювенальной юстиции в республике. В целях исполнения п.3.2, протокольного решения вышеуказанного заседания Управлением по руководству уголовно-исполнительными инспекциями Комитета УИС Министерства юстиции Республики Казахстан совместно с заинтересованными государственными органами и неправительственными организациями разработан проект Указа Президента Республики Казахстан «О Концепции развития системы ювенальной юстиции в Республике Казахстан на 2009-2011 годы». Целью Концепции развития системы ювенальной юстиции в Республике Казахстан на 2009-2011 годы было поэтапное внедрение и развитие элементов ювенальной юстиции в Республике Казахстан, которое позволит повысить эффективность и качество отправления правосудия в отношении несовершеннолетних на всех его этапах. Это включает создание специализированных подразделений по работе с несовершеннолетними: в министерствах юстиции, внутренних дел, образования и науки, в судах, прокуратурах, местных исполнительных органах и адвокатуре.

В целях продвижения политики защиты прав детей и семьи Указом Президента РК от 1 февраля 2006 года № 56 создана Национальная комиссия по делам семьи и гендерной политике как консультативно-совещательный орган при Президенте РК и Указом Президента РК от 1 июля 2008 г. № 625 создан Совет по молодежной политике

при Президенте РК - консультативно-совещательный орган, основными задачами которого являются: выработка рекомендаций по определению приоритетов, формированию и реализации государственной политики в отношении молодежи, анализ эффективности реализации государственной молодежной политики. В целях оказания своевременной помощи детям в решении их проблем, сбора и анализа информации о положении дел в вопросах правовой защиты детей, о степени их информированности о своих правах, распространения материалов о правах ребенка с апреля 2004 года в республике открыты детские общественные приемные.

Соответственно, структуры ювенальной юстиции в Казахстане введены в действие:

1. Система ювенальных судов РК создана Указом Президента РК от 4 февраля 2012 года охватывающая 19 ювенальных судов: по два суда в Алматинской, Восточно-Казахстанской и Карагандинской областях и по одному суду во всех областных центрах, городах Астана и Алматы. Общая штатная численность судей ювенальных судов составляет 57 единиц.

2. Ювенальная адвокатура. Все районные и городские коллегии адвокатов РК в своей структуре имеют ювенальных адвокатов. Впервые Алматинская городская коллегия адвокатов в сентябре 2006 года приняла решение создать специализированную ювенальную юридическую консультацию. Но свое реальное распространение по всей территории РК ювенальная адвокатура получила через реализацию Концепцию развития системы ювенальной юстиции в Республике Казахстан на 2009-2011 годы.

3. Ювенальная полиция введена в действие Законом Республики Казахстан от 2 ноября 2015 года № 388-V «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам деятельности местной полицейской службы» в рамках реализации Плана Нации - 100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ в части формирования местной полицейской службы, подотчетной местным исполнительным органам и местному сообществу, в целях укрепления общественного порядка и профилактики преступности, повышения уровня доверия населения к деятельности органов внутренних дел и обеспечения прозрачности их работы.

4. Ювенальные юридические консультации созданы при юридических консультациях районов и городов в 2006 году, с 2012 года из республиканского бюджета финансирование бесплатной юридической помощи несовершеннолетним, не имеющим родителей при предоставлении соответствующих документов.

5. Ювенальные медиаторы появились после принятия Закона Республики Казахстан от 28 января 2011 года № 401-IV «О медиации» и призваны разрешать споры (конфликты), возникающие из гражданских, трудовых, семейных и иных правоотношений с участием несовершеннолетних, а также рассматриваемые в ходе уголовного судопроизводства по делам о преступлениях небольшой и средней тяжести, об уголовных проступках с участием несовершеннолетних.

6. Психологическое сопровождение. Для ее эффективного исполнения усилиями администратора судов по социальным программам в специализированных судах по делам несовершеннолетних в июне 2009 года введены должности психолога и социального педагога, которые проводят мероприятия по сопровождению детей в процессе.

7. В 2016 году введена должность Омбудсмана по правам ребенка.

8. Ювенальная прокуратура в Казахстане не создана. Прокуратура представляет интересы государства в суде осуществляет надзор по делам с участием несовершеннолетних на общих основаниях.

Создание системы ювенальной юстиции сопровождалось кардинальными реформами уголовного, уголовно-процессуального, уголовно-исполнительного и административного законодательства РК, анализ которых будет приведен ниже.

Организация деятельности ювенальных судов обеспечивается в соответствии с Конституционным законом Республики Казахстан от 25 декабря 2000 года № 132-III О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан (с изменениями и дополнениями по состоянию на 03.07.2017 г.).

В целом, следует отметить, что формирование системы ювенальной юстиции в Казахстане занял небольшой промежуток времени. Содействие международных организации и неправительственных организации РК оказало существенную координирующую, организационную, консультативную, экспертную поддержку. Реформирование системы правосудия, в том числе и по вопросам рассмотрения и разрешения дел с участием несовершеннолетних получило должное закрепление в законодательных актах и государственной политике.

Основными направлениями дальнейшего развития ювенальной юстиции в Казахстане должно проходить главным образом в области совершенствования исполнительных режимов, индивидуального сопровождения несовершеннолетних девиантов в процессе их реабилитации, социализации, дальнейшего развития системы медиации и декриминализации ответственности несовершеннолетних.

Список литературы:

1.Эммануэль Трембли и Найджел Кантуел. См. Флиндт Педерсон, К. и Вэммен Джеперсон, Дж. Ювенальная юстиция в Казахстане: Оценка 2000 г. Датский центр по правам человека. ЮНИСЕФ, Копенгаген, 2002 г.

2.Оценка достижений реформы системы ювенальной юстиции в Республике Казахстан. Региональное представительство ЮНИСЕФ в странах Центральной и Восточной Европы/ Союза независимых государств Июль, 2009 г. // <file:///C:/Users/1/Downloads/2009>

3.Фонд-Сорос-Казахстан Юридическая газета 2001, 23 сентября

4.Казахстанская правда 20 октября 2006

5.Г.Сулейменова, Ж.Абдысамат. О перспективах создания системы ювенальной юстиции в Республике Казахстан. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://articlekz.com/article/5000>

Түйіндеме

Мақалада Қазақстандағы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі сот төрелігін құрудың түпкі себептері қарастырылады. Қазақстандағы кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігін құрудың негізгі кезеңдері қарастырылады. Бұл үдерісте халықаралық ұйымдардың рөлін талдау жүргізіледі. Қазақстанның кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігі жүйесінің қазіргі заманғы құрылымы бекітілді.

Summary

The article examines the first juvenile justice system in Kazakhstan. The main steps taken by the juvenile justice system in Kazakhstan. The analysis of the role of international organizations in the process of analysis. The current structure of juvenile justice in Kazakhstan is established.

**Жалғасбаева Т.
Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық
заң академиясының
магистранты**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АУМАҚТАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУДЫ РЕТТЕУДІҢ КЕЙБІР ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аталған мақалада автор ерекше қорғалатын аумақтарды мемлекеттік бақылау мен қоршаған ортаны қорғауды реттеу мәселесін қарастырған.

Кілт сөздер: экология, экожүйе, экологиялық бақылау, мемлекеттік реттеу.

Біздің мемлекетіміздің қазіргі даму кезеңіндегі маңызды міндеттерінің бірі – қолайлы қоршаған табиғи ортаны сақтау болып отыр. Бұл негіз конституциялық деңгейде бекітілген. Себебі, Қазақстан Республикасы Конституциясының 31-бабында «Мемлекет адам өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны қорғауды басты мақсаты етіп алады» делінген [1].

Қазіргі кездегі адам ресурстарын дамытуға байланысты мемлекеттік саясаттың бағыты қоршаған ортаны қорғауды аса қажетті мәселелердің бірі етіп қойып отыр.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан Халқына Жолдауында : «21 ғасырда әлемнің табиғи ресурстарға деген мұқтажы жоғалуда. Шикізат индустрияларын ұйымдастыру ісін, табиғи ресурстарды басқаруға қатысты ұстанымдарды сыни тұрғыдан қайта пысықтау керек» деген болатын [2]. Жолдауды негізге ала отырып, табиғи ортаны, табиғи ресурстарды сақтай білуіміз қажет.

Қазақстан аумағы шөл далалардан бастап биік тауларға және ішкі теңіздердің экожүйелеріне дейін ландшафттық кешендердің бірегей жиынтығына ие. Еліміз экономикасы дамуының үдемелі қарқыны және табиғи ресурстарды пайдаланудың күшеюі жағдайында табиғатты аумақтық қорғау жүйесін одан әрі жетілдіру мәселесі көкейтесті сипат алып отыр. Нақ осы жағдайлар мемлекеттің биологиялық сан алуандылықты сақтаудың пәрменді жүйесі ретінде Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын одан әрі дамыту қажеттігін айқындайды.

Қоршаған ортаны қорғау мен оның ресурстарын пайдалануды мемлекет тарапынан басқару тұтас әлеуметтік құбылыс ретінде, жалпы қоғамды басқарудағы кең ауқымды жүйенің бір бөлігі болып саналады. Сондықтан табиғи байлықтарды қорғау және пайдалану саласында басқару органдарының пайда болуы мен дамуы, өзіндік ерекшелігі бар, күрделі объектімен, яғни табиғатпен байланысты екенін ескерсек, онда осы басқарушы органдардың дұрыс қызметін атқаруы мен әрі қарай дамуы, негізінен, қоғамдық процестерді басқарудағы міндеттер мен мақсаттардың жүзеге асырылуына тәуелді болады. Әдетте мәселенің осы қырына көңіл бөлінбейді.

Зерттеушілердің көпшілігі жер, су, орман және тау-кен ресурстарын пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік басқарудың негіздерін қарастырғанда, табиғат байлықтарын пайдаланудағы басқару мәселелерін, өзіндік ерекшелігі бар тұтас жүйе ретінде табиғаттың сипатымен ерекшеліктеріне байланысты екенін айтады. Осыған

сәйкес табиғи ресурстарды пайдалану мен қорғау саласында мемлекеттік басқарудың қажеттіліктері туралы тұжырым осы басқарушы жүйенің қажеттіліктеріне ғана негізделген. Түптеп келгенде, мұндай көзқарас негізінен дұрыс болғанымен, табиғи байлықтарды ұтымды басқаруды бір жақты етіп көрсетеді. Қоғам өмірінің салаларындағыдай, қарастырылып отырған қоғамдық қатынастар саласын басқару да, қоғамның қалауы мен мүдделеріне тікелей байланысты [3].

Әдебиеттерде табиғат ресурстарын пайдалану және қорғауды “басқару” ұғымынан өзгеше “басшылық ету” ұғымы да кездеседі. Бұл екі ұғым синоним болғанымен бірдей емес. Біздіңше, екуінің арасындағы айырмашылықтар меншікті билеу құзырлығына байланысты болады. “Басқару” ұғымы меншікті билеу жағдайында қолданады, ал егер мұндай жедел билеу қызметі болмаған жағдайда, әңгіме басқару емес, басшылық ету туралы болуы тиіс. Табиғи ресурстар қоғам өмірінің негізі болғандықтан, олардың пайдалануы мен қорғалуын ұйымдастыруды сипаттау үшін “басқару” термині қолайлы болып табылады [4].

Заң әдебиеттерінде мемлекеттік басқару ұғымы әрқалай түсіндіріледі. Кейде басқару – қоғамдық қатынастарды реттейтін барлық өкілетті және атқарушы органдар жүйесінің ұйымдастырушы және құқықтық қызметі, адамдардың іс - әрекеттері мен қылықтарына мемлекет тарапынан басшылық ету қызметі деп танылады. Ал кейде мемлекеттік басқару демократиялық қоғамды құру мақсатында заңдардың орындалуына негізделген мемлекеттік қызметтердің бір түрі ретінде қарастырылады.

Келтірілген анықтамалар, жалпы алғанда, басқарудың мазмұнын дұрыс айқындайды. Бірақ олар тым жалпы және оларға сүйеніп халық шаруашылығының нақтылы саласын және функционалдық басқарудың ерекшеліктерін пайдалануға қиындық туғызады. Соңғы жылдарда жүргізілген зерттеулерде мемлекеттік басқару белсенділігін айқындайтын “қызмет” терминінің орнына, “ықпал ету” терминімен белгілеу үрдісі байқалады [5].

Басқарудың негізгі мақсаты – бүгінгі және келешек ұрпақтың мүддесіне сай олардың минералды шикізатқа, су және орман ресурстарына, таза ауаға т.б. мұқтаждықтарын өтеу үшін, осы байлықты ұтымды пайдалану мен қорғау болып табылады. Осы саладағы кеңестік мемлекеттік басқарудан ең негізгі ерекшелігі осындай. Ал басқа ерекшеліктері осыған бағынышты сипатта болады.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау жүйесін дамыту келесідей жіктелуі тиіс :

1. құқық қолданудың және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауды ынталандырудың тиімді жүйесінің негізгі сипаттамасын табуға мемлекеттік органдарға көмектесетін және ұзақ мерзімді перспективада қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалану саласында мемлекеттік бақылау органдарының институционалдық реформасын жүргізуге ықпал ететін модельді құруға;

2. мемлекеттік органдарды, өнеркәсіп кәсіпорындарын, үкіметтік емес ұйымдарды және қалың жұртшылықты қоса алғанда, экологиялық заңнаманы сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметке барлық қатысушылардың арасындағы ынтымақтастыққа және ақпарат алмасуға жәрдемдесуге;

3. экологиялық менеджмент жүйесінің маңызды құралы ретінде өндірістік бақылауды міндетті жүзеге асыруға;

4. табиғат қорғау іс-шараларының орындалуына қызметтің барлық деңгейіндегі жауапкершілікті нақты айқындауға;

5. қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғаларға құқықтық және әлеуметтік кепілдіктер беруге бағытталуы тиіс [6].

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құқықтық қорғау – қоршаған ортаны жалпы құқықтық қорғаудың құрамдас бөлігі және сонымен бірге экологиялық құқық жүйесіне институт болып табылады.

Бұл үшін қоршаған ортаны радиациялық ластанудан құқықтық қорғаудың нормалары жеке институт ретінде, жоғарыдағы белгілердің барлығына сай келеді.

Біріншіден, құқық институты ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік басқару, бақылау және қадағалау, жеке және заңды тұлғалардың ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы құқықтары мен міндеттері ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күзету және қорғау, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың күзет қызметі мемлекеттік инспекторларының құқықтық мәртебесі, мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік табиғи қаумалдар, мемлекеттік қорық аймақтары және тағы да басқа ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғауға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді. Бұл қатынастар өз мазмұны бойынша біртекті әрі құқық институтындағы нормалармен сәйкес келеді.

Екіншіден, құқық нормаларының заңдық бірлігі – бұл барлық құқық институттарының басты белгісі болып табылады

Үшіншіден, оның заңдық еркшеленуі яғни ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құқықтық қорғау институтының эклология құқығының басты құрылымдық бөлігі ретінде экологиялық заңдар жүйесіне өз орны бар.

Біздің ойымызша, құқық нормаларының құрылымдық белгілеріне жоғарыда жасалған талдауларға сай, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құқықтық нормалары экологиялық құқықтың ерекше бөлімінің институтын құрайды.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнама Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 қарашадағы № 1692 қаулысымен бекітілген Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамыту және орналастырудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына негізделеді.

2004 жылғы наурызда «Мемлекеттік табиғи-қорық қорын дамыту проблемалары мен перспективалары» атты Парламенттік тыңдаулар өткізілуінің қорық ісін дамыту үшін зор маңызы бар, онда Қазақстанда табиғатты аумақтық қорғау жүйесін дамыту проблемалары талқыланды және оларды шешу жолдары айқындалды. 1997 жылы Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы жарияланды, ол Қазақстан 2030 жылға дейін ауасы таза және суы мөлдір, таза және жасыл желекті елге айналуға тиіс екенін паш етті [7]. Бұл аталған бастамалар 2012 жылы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты халықа жолдауының негізі болып табылады [8]. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар Үкіметтің шешімімен құрылады, егер бұл аумақтың республикалық маңызы болса, егер ол аумақтың жергілікті маңызы болса, онда ол тиісінше жергілікті атқару органының шешімімен құрылады. Бұл органдар осындай шешімді қоршаған ортаны қорғау туралы орталық атқару органының ұсынуымен қабылдайды. Бірақ оның алдында, қоршаған ортаны қорғау орталық атқару органы бұл аумақтарға байланысты табиғи – ғылыми және техника – экономикалық негізделуге қолдау қорытындысын алуға тиіс.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мемлекеттік реттеу дегеніміз – мемлекеттің табиғи кешендер, оның ішінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері, сондай-ақ осы жерлерде және басқа санаттардағы жерлерде орналасқан мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды бақылау, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өндірістік-техникалық қамтамасыз етуге және материалдық-техникалық қамтамасыз етуге, субъектілердің қызметін ұйымдастыруға нормативтік актілер шығару жолымен әсер ету, мемлекеттік билік органдарының ұйымдасқан қызметін жүзеге асыру және экономикалық әдіс арқылы реттеуді жүзеге асыратын ауыл шаруашылық органдардың жалпы құзыретін басқару.

Арнайы осы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды бақылайтын және реттейтін мемлекеттік атқарушы органның нақтыланбағандықтан Қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігі арасында құзіретіліктері анықталмағандықтан көптеген осы мәселені реттейтін заңда кемшіліктер туындап тұр. Сонықтан қорықтар, ұлттық парктер және т.б. ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесін қорғау мақсатында қорықтар мен ұлттық парктер, бақтар және т.б. ерекше қорғалатын табиғи аумақ қызметімен айналысатын және оны ұйымдастыратын аумағында арнайы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын біртұтас органдар құру қажеттігі туындап отыр.

Сол себепті ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесін басқаратын және қазметін жүзеге асыратын заңи мемлекеттік орган Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің ішінде Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар Агенттігін құру мәселесі туындап отыр.

Әдебиеттер тізімі

- 1.Қазақстан Республикасының Конституциясы - Алматы: «Юрист» баспасы, 2015. - 40 б.
- 2.Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы // 2018 жыл 10 қаңтар.-www.akorda.kz.
- 3.Оспанов А.П. Правовая охрана окружающей среды от загрязнения отходами производства и потребления в Республике Казахстан: дисс. канд. юрид. наук. – Алматы. 2002. – 133с.
- 4.Аленов М.А. Экологическое законодательство и вопросы его применения в судебной практике. – Астана: Данекер, 2006. – 170с.
- 5.Әбдез Стамқұлұлы. Қазақстан Республикасының экология құқығы. – Алматы. 1995. – 126 б.
- 6.«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 07.07.2006 жылғы заңы//Әділет нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.-2013ж.
- 7.Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: Білім, 1997. - 28 б.
- 8.«Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 жылғы 14 желтоқсан //www.akorda.kz/kz/category/poslaniya_narody.

Резюме

В данной статье автор рассматривает проблемы охраны окружающей среды, а также государственного контроля особо охраняемой территории.

Summary

In this article, the author reviews the problems of environmental protection, as well as state control of specially protected areas.

УДК: 343.1(574)

Кабиолданов С.
Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық
заң академиясының 1-курс магистранты
ғылыми жетекші
з.ғ.к., доцент
Абдрахманов С.Т.

ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТТЫҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ

Қылмыстық саясаттың түсінігі және оның мемлекеттің саяси жүйесіндегі алатын орны жөнінде кеңінен қарастырылған.

Кілт сөздер: саясат, қылмыстық саясат, саяси жүйе, әлемдік тәжірибе.

Мемлекеттің қылмыстық саясаты және оның әлемдік құқықтық кеңістіктің талаптарына сай жүргізілуі, отанымыздың ЕЫҚҰ төрағалығына ұмтылуының тарихи сәтіндегі және бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіру қарсаңындағы күшті құқық қорғау құрылымдары мен қоғам мүшесін қылмыстан сақтандырудың қалыпты жүйесін жасауымызға негіз болмақ.

Кез – келген методологиялық зерттеудің негізі болып құбылысты сапалық түсіндіру құрылымы табылады, бұл құрылым сапа мен түсіндірмелерді құрайтын белгілерді ары қарай зерттеуде маңызды рольге ие және де зерттеу негізіне алынып отырған құбылыстың қылмыстан сақтандыру саласындағы қылмыстық саясат екендігі де аз маңызға ие емес. Қылмыстық саясат мүдделер қақтығысынан туындап қана қоймай, сол қақтығыстарды мемлекеттік тұрғыда реттеу үшін де керек. Қылмыстан сақтандыру саласындағы қылмыстық саясат біріншіден адам мен оның заңды құқықтары мен бостандықтары мәселесін шешуге бағытталуы тиіс. Өйткені, «қылмыстық құқықтық бағыттағы ғылыми зерттеулер саласында: ғаламдану, саясат, экономика, терроризм, ұйымдасқан және кәсіби қылмыстылық, жоғары инновациялар мен ақпараттық саладағы қылмыстылық, барлық адамзат пен жекелеген елдердің ұлттық қауіпсіздігі, жаппай заңсыз және криминалдық миграция сынды әлемдік ауқымдағы әлеуметтік мәселелердің әсері анық байқалады» [1, 56 б.].

Бұл жерде зерттеліп отырған тақырыпқа қатысты “саясат” және “қылмыстық саясат” ұғымдарының біріккен түсінігі жоқ.

«Саясат» термині философия, әлеуметтану, саясаттану ғылымдарына тікелей қатысты. Саясатты – мүдделер қақтығысы жасайды. Түпкілікті мақсаттар, билікке құлшыныс, түрлі мүдделер әрқашан саяси процестердің қозғаушысы болып отырғандығы белгілі. Бұл жерде, мемлекет саяси қатынастар мен саяси үрдістердің басым құқықты қатысушысы бола отырып, саясаттың негізгі мәні мен бағытын айқындайды.

Саясат – экономика мен құқықтық реформалардың негізгі қозғаушы күші ретінде экономикалық қатынастардың базистік негізі мен саяси құрылымның дамуының да алғышарты. Ал қылмыстық саясат азаматтарды қылмысқа қарсы күрестегі ортақ идеология талаптарына біріктіруді көздейді. «Саяси және идеологиялық әралуандылық - өзара байланысты құбылыс. Идеология саясатқа тікелей сіңісіп кетеді, өйткені соңғысын адамның, топтардың, жұртшылықтың, ұлттар мен басқа да әлеуметтік топтардың санасынан, олардың мүдделерінен, сұраныстарынан, дүниетанымынан бөліп алуға болмайды [2, 33 б.]. Экономикалық базис саяси жүйені өркендеткенімен де саясат – экономикадан бастап барлық құрылымның бағытын анықтайтын және әлеуметтік ортадағы үлкен күштің модераторы ретінде қатынасқа түседі.

Саясат - объективті және субъективті себептердің жиынтығынан туатын үрдісті құбылыс. Объективті құбылыстарға – қоршаған ортадағы материалды игіліктер жатса, осы игіліктерге деген адам қажеттілігі мен игіліктер иесі болуға деген ұмтылысы, саяси сипаттағы әрекеттердің туындау негізі объективті және субъективті қатынастардың диалектикалық бірлігі мен қарама – қайшылығы саясатты жасаушы тараптардың әрекетіне заңдылық, тарихи негізділік кейде күйзелісті құбылыстар деңгейіндегі мән сапасын береді. Субъективті қатынастардың қайнар көзі ретіндегі қатынас қауіпті сипат алатын болса, сонымен бір мезетте қылмыстың субъектісі де күрделі сипатты иеленді және онымен жұмыс жүргізудің ерекше әдістерін іске қосудың қажеттілігі де туындады дегенді білдіреді. «Адам құқықтарын қамтамасыз ету мен әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге қатысты қылмыстық саясатты қайта бағдарлау қылмыстық құқықтың негізгі сапасын құрайтын қылмыстың субъектісін де теориялық зерттеуді тереңдетуді көздейді» деп көрсетеді - профессор С.С. Молдабаев [3, 7 б.]. Біздің ойымызша, қылмыстың субъектісі - бұл үлкен әлеуметтік зардаптарға әкелетін күш және қауіпті сипаттағы жігерлі актінің қайнар көзі. Қылмыстан сақтандыру саласындағы қылмыстық саясаттың негізгі мақсаттарының бірі – қылмыс субъектісін теориялық талқылау ғана емес, оның әлеуметтік теріс жақтарын толықтай ашу мен оған қарсы күрес шараларын көрсету болып табылады.

Қылмыстан сақтандыру – қылмыстық саясаттың құрамдас бөлігі. Ендеше қылмыстық саясаттың түсінігін былай қоя тұрғанда, саясат пен саяси жүйенің түсінігіне қатысты ғылыми тұжырымдарды қалыптастыру ғалымдар назарынан көп жағдайда тыс қалуда. Қазіргі уақыттағы қылмыстық саяси жүйенің түсінігі әлеуметтік құндылықтар мен қоғам қажеттілігінің бірігуінен де бастау алады. Адамды әлеуметтік құндылықтарды қастерлеуге бейімдеу кезіндегі ең басты қиындық адам ішкі талабының жоқтығынан туындайды. Қылмыстан сақтандыру кезіндегі адамның оң белсенділігі ең шешуші фактор ғана емес, әлеуметтік, құқықтық қиындықтарды шешудің негізгі кілті де. «Бірақ та көптеген азаматтар қылмысқа қарсы күрестегі өз құқықтары мен міндеттерін толық көлемде білмейді» [4, 3 б.]. Кемшіліктерді жоюдың құралы болып табылатын мемлекеттік саясат - жалпы сипатқа ие үрдіс болғанымен нағыз саясат салалық саяси әрекеттер мен мүдделер қақтығысында жүзеге асырылады. Әр саланың реттеу пәні мен өзіндік ерекшеліктері саясатты да жүйелендірудің негізі болып табылады. Осы ерекшеліктер саясаттың төмендегідей түрлерін көрсетеді:

- ішкі, бұл мемлекеттің ішінде, мемлекеттің тиісті құрылымдарының өкілеттіктері шегінде Қазақстан азаматтарының тікелей қатысуымен, солардың заңды құқықтары мен мүдделеріне, әлеуметтік жағдайына қатысты жүретін саясат;

- сыртқы (халықаралық) – халықаралық саладағы мемлекеттің беделі мен абыройын арттыруға негізделген, мемлекеттің халықаралық міндеттемелерін орындауға бақылауды жүзеге асыратын және тиісті халықаралық шарттар негізінде жүргізілетін саясат (арнаулы субъектісі – Қазақстан Республикасы президенті, Қазақстан Республикасының Сыртқы Істер Министрлігі т.б.);

- экономикалық – экономикалық, яғни, өндірістік тұтыну, ұсыну, базис пен қондырма арасын реттейтін және кәсіпкерліктің барлық нысандарын іске асыру саласында туындайтын саясат;

- әскери (қорғаныс) – мемлекеттің сыртқы қауіпсіздігі мен әскери құрылысының бағытын айқындайтын саясат;

- ғылыми–техникалық саясат – ғылым мен техниканың дамуын тікелей қамтамасыз ететін және өндірістік тәжірбие мен барлық қоғамдық қатынастарды ғылыми негіздеу саясаты;

- әлеуметтік - әлеуметтік саладағы қатынастар мен әлеуметтік мүдделер қақтығысындағы теңдікті қамтамасыз ететін, және осыған тікелей ықпал жүргізетін саясат;

- қылмыстық саясат – мемлекеттегі қылмыспен күрестің негізгі бағыттарын айқындап, онымен күрес жүргізудегі мемлекеттік және қоғамдық күштердің ынтымақтастығы мен бірігуін идеологиялық, құқықтық, материалдық тұрғыда қамтамасыз ететін саясат - (бұл саясаттың ерекшелігі әлеуметтік саясаттың құрамдас бөлігі болып табылуында);

Саясаттың түрлері өте көп, саясаттың нысаны қоғамдық қатынастардың бағыты мен мәселенің мәнінен туындайды. Мемлекеттің қылмыстан сақтандыру саласындағы қылмыстық саясатын қалай түсінеміз? Бұл тұрғыда авторлар көзқарасы біржақты емес. Біздің ойымызша, мемлекеттің қылмыстан сақтандыру саласындағы қылмыстық саясаты – қылмысқа қарсы күресте азаматтардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруді көздейтін, оларды қылмыстан сақтандыратын, қылмысқа төзбеушілік танытқандарға қатысты көтермелеу шараларын қолданатын мемлекеттің саяси қызметінің бір нысаны. Әлеуметтік, саяси, құқықтық, экономикалық сұрақтардың жиынтығы қылмыстық саясаттың да сұрақтарын туындатады. Назар аударуға лайықты көзқарастарға қараңыз:

а) «Қылмыстылық пен нашақорлық, ұлттық төзбеушіліктің қатал көрінісі, күштеу, пайдақорлық қылмыстардың өрістеуі, өндірістегі апаттардың өсуі міне мұның бәрі – адамдардың мазасыздығын шақырады. Бұл құбылыстармен күрестегі жеңістің кепілі – оларды туындататын себептерді білу» [5, 5.б].

ә) «Бәрінен бұрын, қылмыстылық - қоғамдық организмнің қалыпты қызметін бұзатын адамдардың әлеуметтік мінез-құлқының нысаны және әлеуметтік-құқықтық құбылыс» [6, 19 б.].

б) Қылмыстан сақтандыру саласындағы қылмыстық саясат - қылмыстылықпен күрестің негізгі бағыттары, құралдарын, жолдарын көрсететін көзқарастар мен танымды ойлардың жиынтығы ғана емес, қылмыс жасауға бел байлаған адамның әрекетін құқықтық тұрғыда басқару мен бағыт беру. Мемлекеттің заңдары мен талаптарына бағынбаған, қоғамға деген аяшылығы мен ізгілігін жоғалтқан «айыпты адамның неғұрлым қауіпті, белсенді, ұзаққа созылған әрекеті едәуір ауыр зардаптарға әкеліп соғуы мүмкін» [7, 9 б.].

в) «Қылмыстық саясаттың мазмұны нақты тарихи жағдай мен қоғамдық дамудың қажеттілігіне тәуелді бола отырып өзгеріске түседі» [8, 9 б.].

Бұл көзқарастардың әрқайсысы қылмыстық саясаттың түрлі қырларына анықтама беруімен маңызды және кейбір кемшін тұстары да бар.

Кеңірек қарасақ, қылмыстық саясаттың элементтеріне:

- құқықтық идеология мен құқықтық нормалардың қалыптасуы негізінде жүзеге асырылатын құқықтық саяси үдерістің іргетасы іспетті объективті және субъективті факторлардың болуы;

- қылмыстық саясат субъектілерінің әрекетін құқықтық қамтамасыз ететін және оған ресми сипат беретін заңдық негіздің болуы;

- қылмыспен күрес және қылмыстан сақтандыру саласындағы қылмыстық саясатты жасаушылар мен оны жүзеге асырушылар арасындағы ортақ мемлекеттік мүдденің болуы;

- қылмыстан сақтандыру саласындағы қылмыстық саясат субъектілерінің мүдделері мен мақсаттарын біріктіретін және оны негізгі фактор ретінде айқындайтын – ортақ элеуметтік мәнінің болуы;

Яғни, осы факторлардың толықтығы мен қылмыстан сақтандыру шараларының дер кезінде орындалуы қылмыстық саясаттың терең түсінігін қалыптастырып қана қоймай, оның нәтижелі болуының да алғышарты болмақ.

Қылмыстық саясат – элеуметтік қатынастардың саяси мәнге ие болған көрінісі. Сондықтан қылмыстық саясат жүйесінде арнаулы субъектілердің әрекеті мен қызметінің элеуметтік мәні толымды талқылауды қажет етеді. Қылмыстық саясаттың элеуметтік мәні дегеніміз – мемлекет пен қоғамның құқықтары мен міндеттері, мүдделері мен мақсаттары негізінде жүзеге асырылатын қызметтің көпқырлы сипаты. Кез-келген элеуметтік-құқықтық қатынас қылмыстық саясаттың пәнін құрамайды, егер де құраса: - ол қатынастардың негізінде саяси-құқықтық байланыстар жатуы тиіс. Қылмыстық саясат саласындағы қатынастардың құқықтық табиғаты – заң нормаларынан ғана көрініс табады. Кез-келген қылмыстық заң нормасы құқықтық қызмет өрісіне сай, қылмысқа құқықтық баға берумен қатар, қылмыстан сақтандыру міндетін де атқарады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Рустемова Г.Р. О приоритетах современных научных исследований. Материалы международной научно-практической конференции: Актуальные проблемы борьбы с преступностью на современном этапе» посвященной 50-летию доктора юрид.наук, профессора Алауханова Е.О. / отв.ред.

Қайыржанов.Е.И. - Алматы: Қазақ Университеті, 2008. – 286 с. 53-58.

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. түсініктеме. Ред. бас-қарған Сапарғалиев Ф. / Ауд. Бактыгерейұлы С. – Алматы: «Жеті Жарғы», 1999. – 424 б.

3. Молдабаев С.С. Проблемы субъекта преступления в уголовном праве Республики Казахстан: монография. – Алматы: ТОО «Аян Эдет», 1998. - 156 с.

4. Тишкевич И.С. Борьба с преступностью – долг каждого гражданина (Беседы о советском законодательстве). - М.: «Юрид.лит», 1973. - 56 с.

5. Чаадаев С.Г. Уголовная политика и преступность: проблемы, пути решения: пособие для слушателей народных университетов. - М.: Знание, 1991. – 112 с.

6. Криминология: учебник / Под ред. акад. Кудрявцева В.Н., проф. Эминова В.Е. – М.: Юристь, 1997. – 512 с.

7. Михлин А.С. Последствия преступления. - М.: «Юридическая литература», 1969. – 104 с.

8. Загородников Н.И. Советская уголовная политика и деятельность органов внутренних дел. - М., 1979. – 100 с.

Резюме

В данной статье рассматривается концепция уголовной политики и ее место в политической системе государства.

Summary

This article examines the concept of criminal policy and its place in the political system of the state.

ОӘЖ:342.4(574)

Қажымов С.С.
Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық
заң академиясының магистрі

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Конституциялық бақылау институттарының пайда болуының жеке кезеңдеріне сипаттама жасау. Конституциялық бақылау институттарының қалыптасуының ерекшеліктерін ашып көрсету.

Кілт сөздер: Конституциялық Кеңес, Конституция, Конституциялық бақылау.

Конституциялық бақылаудың идеясы ХVІІ-ғасырдың басында пайда бола бастады. Ол Ұлыбританиядағы Құпия Кеңесінің қызметіне байланысты болды. Бірақ, қазіргі кездің түсінігі бойынша конституциялық бақылау идеясы бірінші рет АҚШ-та пайда бола бастады [1,56 б.]. Осының қалыптасуына атақты іс «Мэрибэридің Медисонға қарсылығы» негізгі ықпалын тигізді. Бұл іс 1803- жылы болған. Осы істе жоғарғы соттың шешімі бойынша Федералдық Конституциямыздың жоғарғы заңы, және кез-келген Конгресстің заңына қарсылық көрсеткен тұлға, соттың шешімі бойынша Конституциялық емес деп шешілуі мүмкін. Осы себептен Конституциялық бақылау институты қалыптасты. Осыдан келе конституциялық юрисдикциясының алғашқы қадамдары сот органдарының қызметкерлерімен байланысты болды.

Бірінші Дүниежүзілік соғысқа дейін конституцияны тексеру Латын Америка (1891 ж.) – Бразилия, Никарагуа (1893 ж.) және т.б. конституция заңдарында басты мәселе болды. Осы барлық практиканы, мемлекеттік құқықтық системаны конституциялық бақылауға енгізді. Белгілі бір себептердің кесірінен, ХІХ ғасырда Еуропа конституциялық бақылау институты дұрыс жолды таңдады. Ресей кемеңгері С.Боботов шарттарды осылай белгілейді:

Біріншіден, Еуропа юристері заңға діни сеніммен қарағандықтан конституциялық бақылау институтының өркендеуіне жол бермеді. Ұлы Франция революциясынан бастап (1789 ж.), ХІХ ғасырдың бойы мен ХХ ғасырдың басына дейін

Еуропада Руссоның тезисі бойынша білгілі бір ұйымда қабылданған заң дұрыс емес болуы мүмкін емес. Осы идея 1789 жылғы Адам және азаматтың құқық Декларациясының 5-бабында көрсетілді: Ол «Заң қоғамға зиян келтіретін іс-әрекетке рұқсат етпейді және заңда тыйым салынбаған істерге ешкім қарсылық көрсете алмайды». Сол кезден бастап Батыс елдеріндегі демократия алғашқы ревалюциялық және конституциялық іс қағаздарға енгізілді және жаңа теориялық тұрақтандыру алды да, сот лауазымдарының көмегімен юрисдикциялық бақылау формалары енгізілді. Бұл елдерде конституциялық бақылау әділдіктің бір бұтағы болды.

Екіншіден, конституциялық (соттар) әділдіктің жүзеге асыра алмайтын соттардың көбеюі. АҚШ пен Ұлыбританияға қарағанда Еуропада соттың корпустық қалыптасуы басқаша критерияларымен байланысты. С.Боботов Германия, Италия және басқа да Еуропа мемлекеттерінде сот мүшелері орындаушы лауазымдардан байланысты болды. Бұдан басқа Еуропада соттарды мамандандыру іске асырылмайды. Көптеген бағыттар мамандандырылған америка судьялары Конституцияны және соттық құрмет тұтады және өз шешімдерін осыған жүгінеді. Тағы бір себеп Еуропа конституциясында қатандық жетіспейді және текстердің тұрақтылығы жоқ екендігін белгілейді.

Әсіресе, мемлекеттік құқықтық институттар ең алдымен елдің әдет-ғұрпына байланысты қалыптасты. Тарихи жағдайлар, басқару формалары, политикалық режим және қоғамның менталитеті – осының барлығы адамға, адамның көзқарасына, қимылына мәжбүрлік ықпал етеді. Конституциялық реттеу әр түрлі көлеммен қалыптасқан сияқты мемлекеттік органдар жүйесімен лауазымдары да қалыптасады [2, 44 б.]. Сонымен бірге басқа да себептер бар. Соның бірі (өте маңызды болуы мүмкін) – бұл политикалық күрестің факторы және билік арасындағы қарым-қатынастың өзгеруі. Конституциялық реттеуді ауырлату өз игілігіне қолдануға байланысты экономикалық факторды ескермеу және халықаралық қарым-қатынастардың ұлғаюы, мемлекетаралық экономика мен политиканың өсуі мемлекеттердің құқықтарының проблемаларын жоғарылатады. Бұл факторлардың барлығы конституциялық құқықтың ұрыстарын мемлекеттік органдардың механизімін құруға міндеттеледі.

Конституциялық бақылау институты Бірінші Дүниежүзілік соғыстан кейін кеңінен тарай бастады. Соғыстан кейін Еуропаның кейбір мемлекеттерінде ғана тарай бастады. (мысалы: Ирландияда, Румынияда және т.б. мемлекеттерде)

Бұл кездері конституциялық бақылау идеясы конституциялық заң актілерінің уәкілдерінен басқа, Еуропалық комитеттерде өркендей бастады. Бұл модель «Еуропалық немесе Австриялық» деген атқа ие болды. 1919 жылы қыркүйекте Австрияның жоғарғы конституциялық соты пайда болды және оның қалыптасуына жоғарғы рольді Вен университетінің құқық профессоры Ганс Кельзен ойнады. Екінші Дүниежүзілік алдында соттың конституциялық бақылауға 1920 жылы - Чехословакияда, 1927 жылы - Грецияда, 1937 жылы – Ирландияда «Австриялық» моделі енгізілді.

Дүниежүзілік соғыстан кейін конституциялық бақылау Японияда, Германияда қабылданған. 1949 жылы қабылданған Германияның негізгі (основной) заңында «Әділеттілік» арнайы тарауы қарастырылған және конституциялық бақылаудың функцияларын конституциялық сотқа енгізді, ал Япония конституциясында Жоғарғы сот жоғарғы соттың инстанциясы болады және кез-келген конституциялық заң сұрақтарын, бұйрықтарды, жазба бұйрықтарды және тағы басқа да ресми акттарды шешеді делінген. Бұл басқа қалаларда әр түрлі формада кездеседі. Конституциялық бақылау институтына қызығушылық мемлекеттік реформалау лауазымымен

байланысты болды. Посткоммунистік құқықтық системаның айырмашылығы өз мемлекеттерін батыс модельдеріне қарап құрды [3, 16 б.].

Ревалюциядан кейін әр түрлі мемлекеттерден кейінгі, соның ішінде мемлекеттік құқықтық институт радикалдық реформалардың ұшырауына конституциялық бақылау институты да кірді. Бұл арнайы органдар мекемелері, ереже бойынша, конституциялық реформаға байланысты мемлекеттік тәуелсіздік (ТМД елдерінде болғандай) немесе мемлекеттік форманың өзгеруіне идиологиялық институт биліктері қалыптасуы аса маңызды болды (Шығыс Еуропа елдерінде).

КСРО конституциялық бақылауы туралы көп айтуға болады.

Конституциялық бақылау Кеңес кезеңінде де ұзақ уақыт мемлекеттік орган лауазымдарымен орындалып жатты, ал керісінше олар одақтық республика заңдарын тексеруге бағытталған.

КСРО конституциялық бақылау функциясын КСРО мемлекеттік жоғарғы органы Бүкіл Одақтық Кеңес съезі, Орталық атқарушы комитет және Президиум орындап отырды. 1924 жылы КСРО конституция функциясы атаулы органдармен конституциялық бақылауды ластап кетті.

1936 жылы КСРО конституциясы конституциялық бақылау мен жоғарғы мемлекеттік орган лауазымдарына одақтық республиканың одақаралық құқықтарын тексеру туралы функция енгізді. Осылай конституциялық бақылау жоғарғы КСРО советі мен оның Президиумына берілді. Жоғарғы сот конституциялық бақылау органдарының сонына кірмеді. Солай одақтық республикалардың сұрақтары да шешілді [4, 53 б.]. 1937 жылы ҚазКСР конституциясы конституциямен бақылау жоғарғы орган лауазымдарымен орындалып және басқармау нормасында қалыптасты.

1977 жылғы конституция түгелімен алдыңғы конституцияны қайталаған. Бірақ кейбір өзгерістер енгізілген. Мысалы, орталық органдарда қарама-қарсы баяндалса, 1977 жылғы конституция ұлғайған.

Бірақ, 80-жылдары көптеген құқықтық әдебиеттерде конституциялық бақылауды жоғарғы сот қарамағында құрылған мүшелік жиналыс ретінде сипатталады, сонда да бұл жас идеялар өз күшіне ене алмады, бәрібір кейіннен өз рөлін атқарды.

Әрине, қазіргі кездегі конституциялық бақылауда өзіндік кемшіліктері бар. Оның себебі совет одағы ыдырағаннан кейін көптеген құқықтық қарама-қайшылықтар пайда бола бастады. Батыс мемлекеттерімен біздің құқықтық мүшелердің арасындағы айырмашылықтар конституциялық бақылау институтын көшіріп ала салуға үлкен бөгет болды. Сонда да айта кетер жайт, бастан кешірген қателіктеріміз зая кеткен жоқ. Бірте-бірте конституциядағы кемшіліктерді жөндей келе Қазақстан республикасы демократиялық мемлекетке айналу жуығында тұр. Жеке өз басым мемлекетіміздің құқықтық салада өркендеп өсуіне сенімдімін.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Черняков А.А. Конституционное право РК. Алматы: Әділет Пресс, 2004.
- 2 Козлова Е.И. Кутафин О.Е. Конституционное право России. М. Юрист, 2008 .
- 3 Гуценко К.Ф. Ковалев М.А. Правоохранительные органы. М.: Издательство БЕК, 2005.
- 4 Барри Д. Конституционный Суд глазами американского юриста. // Государство и право. 2004. N 10.

Резюме

В статье дается характеристика отдельным этапом становления институтов конституционного контроля.

Раскрываются особенности формирования институтов конституционного контроля.

Summary

Describe the individual stages in the formation of institutions of constitutional control. To reveal the peculiarities of the formation of the institutions of constitutional control.

УДК:343.85.297:343.91

**Кожас М.
Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық
заң академиясының
магистранты**

ДІНИ ЭКСТРЕМИСТІК БАҒЫТТАҒЫ ҚЫЛМЫС ЖАСАУШЫ ТҰЛҒАНЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТИПОЛОГИЯСЫ

Бұл мақалада діни экстремистік бағытта қылмыс жасаушы тұлға болып қалыптасуына әсер ететін мән-жайлар мен діни экстремистік ұйымның басшыларының немесе идеологтарының идеологиялық үгіт-насихатының оларға ықпал деңгейі қарастырылады.

Кілт сөздер: қылмыс; шарифат; діни экстремизм; тұлға; дін; ереже; жаза.

Осы бағыттағы қылмыс жасаушы тұлғаның криминологиялық сипаттамасы мен оның типологиясын жасау үшін әуелі әлеуметтік-демографиялық, психологиялық және қылмыстық-құқықтық сипаттамасын саралауға тура келеді. Г.Г. Исмуханованың зерттеуі бойынша Қазақстан Республикасы халықтарының этникалық құрамы 118 этностар тұрады [1, 42 б.].

Соңғы жасалған халық санағы бойынша жалпы халықтың мемлекет аумағында қазақтар 65,2%, орыстар 21,8%, 13% қалған этностар құраған. Қазіргі уақытта ұлттар мен этностар арасында татулықты сақтауға бағытталған мемлекет саясатының дұрыс жолға қойылып келеді.

А.Д. Дәрменовтың зерттеуі бойынша экстремистік бағыттағы жасалған қылмыстарды жасаушы тұлғалардың көпшілігін ер адамдар құрағанын айтады. Ер адамдар мен әйелдер бұл жөніндегі қарым-қатынасында 89% ер адамдар құраса, 11% әйелдер құраған. Жалпықылмыстық қылмыстар жасаудағы әйелдердің меншікті салмағы келтірілген көрсеткіштерден 3 еседен артық. Осы орайда әйелдер жасайтын экстремистік бағыттағы қылмыс деңгейінің өсуі орын алып отыр.

А.Д. Дәрменовтың зерттеген жұмысы бойынша, экстремистік бағыттағы қылмыс жасап сотталғандардың үштен бір бөлігі (35,4%) 25 – 29 жас аралағындағылар, 18 – 24 жас аралығындағылардың да көрсеткіші шамамен осылай (34,5%). Осы қылмысты жасаушылар ішкі дүниетанымы тұрақталмаған, қалыптаспаған немесе ол

үшін экстремизмнің немесе ұлтшылдықтың, шовинизмнің пайда болуы оның санасының ішкі ыңғайлығын қамтамасыз ететін қажеттілік б.т. [2, 54 б.].

Бұл мақалада сот билігіне анықтама беріледі. Қазақстан Республикасы территориясындағы сот билігінің қалыптасу және даму кезеңдері қарастырылады. Әр кезеңге жеке тоқталып, ерекшеліктері айқындалады. Сондай-ақ билер соты институтын, кеңестік сот билігі доктринасын, сот билігінің институттарының өтпелі кезеңде қалыптасу этаптарын талдау мен бағалау, осы кезеңдерде жеткен жетістіктер мен сәтсіздіктерді, туындаған қиындықтарды есепке ала отырып зерттеліп отыр. Бұл зерттеу тек қана тарихта өткен кезеңдерді бағалап қана қоймай сот билігінің әрі қарай даму бағыттарын болжауға мүмкіндік береді. Ал бұл өз кезегінде сот билігі тармағын жетілдіруде салмақты, ғылыми негізделген және тиімді шаралар қабылдауға көмектеседі.

Кілт сөздер: сот билігі, билер соты, шекаралық соттар, жоғары соттар

Сот билігі - демократия, әлеуметтік әділеттілік, гуманизм және заңдылық негізінде азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, барлық органдар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік-құқықтық актілердің, халықаралық келісімдердің орындалуын қамтамасыз ететін мемлекеттің биліктің ерекше тармағы.

Республиканың егемендікке қол жеткізуімен әлемдік құқықтық кеңістікке енуі, халықаралық-құқықтық қатынастар саласындағы интеграция сот жүйесін түбегейлі реформалаудың негізгі алғышарттары болды. Қазіргі заманғы қазақстандық сот жүйесінің пайда болуы жаңа тарихтың кеңістігінде қалыптасты, ол негізінен әлемдік құқықтық жүйеге қарай стандартталған, көбіне шет елдердің құқықтық жүйесінен алынған.

Алайда қазақ халқының тарихында қазақ халқының ортағасырлық мемлекеттілігінің кең кеңістігінде көптеген ғасырлар бойы табиғаты мен мақсаты бойынша бірегей қазақ құқығы қалыптасып, өмір сүрген уақыттар болған еді. Ол құқық бүгінгі таңда да сот төрелігінің жоғары стандарты ретінде қызмет етуге, республиканың сот жүйесін қалыптастыру үдерісін және оны рухани байытуға лайықты.

Қазақстан Республикасының сот жүйесінің даму тарихын бірнеше кезеңдерге бөліп қарастыруға болады:

1. Ежелгі кезеңнің әдет заңы мен сот билігі. Қазақ сотының тарихы өз бастауын қазақ даласында халқымыздың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, ислам шариғаты негізгі заңдар қызметін атқарған кезден алады. Қазақстандағы сот органдарының қалыптасуының қылмыстық және азаматтық істердің барлық түрлерімен айналысатын арнаулы органдардың – би сотының дамуымен байланыстыруға болады. Қазақстанның Ресейге қосылғанына дейін, билер сот функцияларынан басқа, жергілікті әкімшілік органдардың функцияларын да орындаған еді. Осыдан-ақ біз билер соты институтның мемлекеттік пен құқықтық мәдениеттің қалыптасуында маңызы ролге ие болғанын байқаймыз.

Билер соты соттың сатылмайтындығы, әділдігі, сот шешімдерінің адамгершілікке бағыттылығы, соттың қолжетімділігі мен жариялылығы, судьяның шешендік өнерді игеруі, дәлелдеу және соттық шешімнің негізділігі, сот шешімдерінің тараптардың татуласуына бағытталған болуы. сондай-ақ құқық бұзушылықтан келтірілген зиянды толықтай қалпына келтіру сияқты фундаменталдық қағидаттарға негізділіп құрылған. Билер сотының үлкен ерекшеліктерінің бірі – олардың бірінші кезекте қоғамда қалыптасқан моральдық, адамгершілік нұсқауларды ұстануға тырысатындығында еді. Олар үшін халық мүддесі қандай да бір жергілікті тар мүддеден әлдеқайда жоғары тұратын.

2. Жалпы юрисдикциядағы Ресей империясының соттары. XVIII ғасырдың соңғы ширегі Қазақстандағы ресми сот жүйесінің қалыптасуындағы маңызды тарихи кезең болды. Бұл кезеңде қазақтар Ресей империясының бодандығында болғанықтан, іс жүзінде өзін-өзі басқару құқығынан айырылды. Қазақ даласында билер соттарымен қатар, Ресей заңдары да әрекет етті. 1786 жылдың 23 желтоқсанда II Екатерина Оренбург генерал-губернаторы Игельстром жобасы бойынша Қырғыз (қазақ) даласында шекаралық сот құру туралы жарлық шығарды [1]. Осылайша қазақ халқының өміріне ресми сот билігі кірді.

3. Қазақстандағы кеңестік билік кезеңімен байланысты КСРО дәуірінің мемлекеттік-құқықтық жүйесі. 1918-1920 жылдары азаматтық соғыс кезінде кейбір аудандарда революциялық трибуналдар құлады. 1919 жылғы 12 сәуірде оларды қалпына келтіру мақсатында Қазақ әскери-революциялық комитеті «Революциялық трибуналдар туралы ережені» қалпына келтірді, ал 1922 жылғы 31 желтоқсанда Кеңес Социалистік Республикалар Одағы құрылды [2]. Бұл сот жүйесінің құрылымын айтарлықтай өзгертті. 1923 жылдың басында Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің республикаларда жоғары соттарды құру туралы қаулылары шығарылды.

1923 жылы 11 сәуірде Бүкілресейлік Орталық атқару комитетінің шешімімен РКФСР құрамында Қырғызстанның (Қазақ) Жоғарғы сот бөлімшесі құрылған еді [3]. 1925 жылдың 1 маусымында Бүкілресейлік Орталық атқарушы комитетінің Президиумы «Қазақ Жоғарғы сотының бөлімінде азаматтық істер бойынша коллегия мен кассациялық алқаны құру туралы» қаулы қабылдады [3]. Барлық мемлекеттік заң органдарында РСФСР Жоғарғы Сотының қазақстандық бөлімі туралы жаңа ережелер бекітілді. Ережеге енгізілген маңызды өзгерістердің бірі азаматтық істер бойынша алқа мен Қазақ КСР Жоғарғы Сотына кассациялық алқаны енгізу болған еді. 1926 жылы Жоғарғы Соттың қазақ бөлімшесі сот жүйесі мен құрылымының жетілуі аяқталды деп есептеуге болады. 1926-1936 жылдары соттар совет заңдарына сүйене отырып, социализмді құру үшін коммунистік идеяларды қолдауға белсене қатысты. 1936 жылы сот органдарының қызметі VIII Бүкілодақтық төтенше съезд қабылдаған жаңа Конституциямен күшейтілді, бұл уақытта Қазақстанның мемлекеттік басқару жүйесінде елеулі өзгерістер болып жатқан еді. Қазақ автономиялық республикасы кеңестік республикаға айналғанна кейін мемлекеттің қалыптасуы мен дамуын, билікті жүзеге асыруды, заң шығаруды қамтамасыз ету үшін конституция қабылданды. 1936 жылы 9 шілдеде Л.И. Мирзоянның төрағалық етуімен ҚазССР Президиумы конституциялық комиссия құрады [4]. Содан кейін 1937 жылдың 3 ақпанында ҚазССР «Қазақ КСР-нің Конституциясы туралы» мәселені қарады және 1937 жылғы 26 наурызда Бүкілодақтық Конгресс Социалистік Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдау туралы шешім қабылдады.

50-ші жылдар Қазақстан тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі болды деп есептеуге болады. Әсіресе, «Жеке басқа табынушылық» мәселесі талқыланған КПСС-тың 20-шы Конгрессін атап өтуге болады. 1953 жылдардағы елеулі саяси төңкерістерге байланысты құпия орган болған КСРО ИМ-нің «Арнайы сот кеңесі» таратылған болатын. Құпия істерге қатысты барлық құжаттар әртүрлі деңгейдегі жалпы соттарға берілді. Бұған қоса, 1959 жылы 19 сәуірде КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен «1934 және 1937 жылдары қабылданған заңи күші бар ережелер бойынша рұқсат етілген, террористік актілер мен диверсия бойынша істердің нәтижесінде пайда болған заңсыздықты толық жою» туралы заң қабылданды. Бұл өз кезегінде Сталиннің 30 жылдық билігі кезінде репрессияға ұшыраған адамдардың есімдерін ашық айтуға мүмкіндік берді. 1985 жылдан бастап Кеңес Одағы қоғамды демократияландыруға бағытталған бетбұрыстар жоспарланды, қайта құру кезеңіндегі саяси жағдайдан мемлекет саяси ахуалдың нашарлауына жол бермей, абыроймен шығуға, Одақтық республикалар Одақтан өз еркімен шығып, тәуелсіз мемлекеттер бола отырып, егемендікке қол жеткізді. Бұл тұрғыда Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің 1990 жылы 24 сәуірде «Қазақ КСР Президентінің позициясын енгізу туралы және Қазақ КСР Конституциясына өзгерістер енгізу туралы» заңның, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әлеуметтік құрылымын және мемлекеттік құрылымын түбегейлі өзгерткен 1990 жылғы 24 сәуірдегі «Қазақ КСР Президенті туралы» қаулысының қабылдануы қазақ халқы үшін үлкен тарихи оқиға болды. Ал 1990 жылы 25 қазанда қабылданған «Қазақ ССР мемлекеттік егемендігі туралы декларация» қазақ халқының армандаған тәуелсіздікке жетуінің алғышарты болды. 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың бүкіл әлемге Қазақстанның тәуелсіздігі туралы жариялаған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» Конституциялық заңы жарық көрді.

4. Тәуелсіз Қазақстандағы сот билігінің дамуы. 1993 жылғы 28 қаңтарда мемлекеттің жаңа әлеуметтік және мемлекеттік жүйесіне сәйкес келетін егеменді

Қазақстан Конституциясы қабылданды. Қазақстан өзінің халықаралық беделін нығайтты, елде жаңа әлеуметтік-қоғамдық және саяси қатынастар пайда бола бастады. Мұның бәрі жас мемлекеттің жаңа әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-экономикалық және халықаралық мәртебесін толығымен қанағаттандыра алатын түбегейлі құқықтық реформаның қажеттігі туындады. 1994 жылы Қазақстанда сот жүйесін дамытудың басымдықтарын айқындаған құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Осы бағдарламаны іске асырудың негізгі нәтижесі – адам мен азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ мемлекеттік институттардың жаңа жүйесін бекітетін қоғам мен мемлекеттің дамуының стратегиялық бағыттарын анықтаған 1995 жылғы 30 тамызда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының қабылдануы. Сот реформасын практикалық іске асырудағы шешуші қадам Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы соттар мен судьялардың мәртебесі туралы» 1995 жылғы 20 желтоқсандағы конституциялық заң күші бар Жарлығының қабылдануы болды. Ол алғаш рет атқарушы және өкілді билік тармақтарының қысымынан құқықтық қорғауды алған судьялардың тәуелсіздігі үшін заңдық және материалдық кепілдемелер бекітті. Бұдан бөлек, атқарушы биліктің соттарға әсерін болдырмау мақсатында 2000 жылғы 1 қыркүйектегі «Соттың тәуелсіздігін нығайту жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы қабылданды. 2000 жылғы 25 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» [5] Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын қабылдануымен сот-құқықтық реформаның маңызды кезеңдерінің бірі аяқталды.

Осылайша, сот билігі халық билігінің іске асуының маңызды аспектілерінің бірі, заң үстемдігінің ажырамас атрибуты, адам құқықтары мен азаматтығын қорғаудың негізгі элементі болып табылады. Сондықтан соңғы онжылдықта Қазақстан Республикасында сот билігін құру мен дамытуға ерекше көңіл бөлініп жатыр.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 «Ведомости Верховного Совета СССР». 1938. № 11.
- 2 ГЦА РК. Ф. 251. Оп 1 "а". Дело 16.
- 3 ГЦА РК. Ф. 5. Оп. 17. Дело 106.
- 4 Российская газета. 2006. 1 ноября.
- 5 Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылы 20 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Жарлығы.

Резюме

В этой статье дается определение судебной власти. Рассмотрены этапы формирования и развития судебной власти на территории Республики Казахстан. Определяются особенности каждого этапа. Также рассматривается и оценивается судебная система института биев, доктрина советской судебной системы, этапы формирования судебных институтов на переходном этапе, достижения и неудачи тех периодов, а также возникающие трудности. Это исследование не только оценивает прошлый опыт, но также предсказывает дальнейшее развитие судебной системы. Это, в свою очередь, поможет принять разумные, научно обоснованные и эффективные меры по улучшению судебной системы.

Summary

This article defines the judiciary. The stages of formation and development of the judiciary in the territory of the Republic of Kazakhstan are considered. The features of each stage are determined. The judicial system of the Biys Institute, the doctrine of the Soviet judicial system, the stages in the formation of judicial institutions in the transitional phase, the achievements and failures of those periods, as well as the difficulties that arise, are also considered and evaluated. This study not only assesses past experience, but also predicts the further development of the judicial system. This, in turn, will help to take reasonable, scientifically sound and effective measures to improve the judicial system.

УДК:342.4 (574)

Нұржұма Е.Ж.
Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық
заң академиясының
2-курс магистранты
Ғылыми жетекші:
з.ғ.д. профессор, Жалаири О.Ш.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕМЛЕКЕТ БИЛІГІН БӨЛУ ҚАҒИДАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Аталған мақалада Қазақстан Республикасында биліктің бөліну принципін жүзеге асыру мәселелері қарастырылған. Мақала авторымен Қазақстан Республикасы конституциялық заңнамасының даму мәнмәтінінде биліктің бөліну мәселесі, билік тарауларының өзара әрекеттестік принципі рөлі мен мәні, 2017 жылғы конституциялық реформа тұрғысынан конституциялық-құқықтық қатынастарды жаңғыртуы зерттелген.

Кілт сөздер: принцип, билік, мемлекет, биліктің бөлінуі, конституция, өкілеттілік, конституциялық реформа.

Әлемнің саяси картасында Қазақстан Республикасы деп аталатын тәуелсіз, егемен өзіндік тарихи дамуы және тұрақтану ерекшеліктері бар мемлекеттің пайда болғанына аса көп уақыт бола қойған жоқ. Осы қысқа мерзім ішінде көптеген ұлы өзгерістерді бастан өткердік. Ең бастысы, біз әлем мойындаған, тәуелсіз мемлекет ретінде дүние жүзі қауымдастығының белді мүшесіне айналдық. Жүзден астам ұлтқа ортақ Отан болған еліміз бірлігімен, бейбітшілік сүйгіштігімен, демократиялық үдерістерге бейімділігімен, халықаралық қауымдастықтан өзінің лайықты орнын тапты. 1991 жылдың 16-желтоқсанында Қазақстан Республикасы өзінің жеке мемлекет ретінде тәуелсіздігін жариялады. Ұлттық тарихымыздағы тәуелсіздік- бүгінгі жеңістеріміз бен табыстарымыздың рухани бастауы. Тәуелсіздік рухымызды асқақтатып, болашаққа деген сенімімізді күшейтті. Тәуелсіздіктің өткен 25 жылының атап өтер маңызды оқиғаларының бастауы бұл еліміздің Ата Заңы-Конституциямыздың 1993 жылы 28 қаңтарда қабылдануы. 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Конституция Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін нығайтуда, мемлекеттің халыққа қызмет ететін жаңа билік

органдарын құруда, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын айқындауда және кеңейтуде үлкен рөл атқарды. Төл Заңымыздың 1-бабының 1-тармағында көрсетілген: Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең басты қазынасы – адам және адам өмірі, оның құқықтары мен бостандықтары болып табылатынын атап көрсетті.

Демократиялық мемлекет ұғымы – алдымен конституция қабылдап, тікелей мемлекет басшысын және парламентті сайлауға, өкілетті мерзімі біткен соң оларды ауыстыруға болатынын білдіретін және халықтың құрылтайшылық билігі үстемдік ететін ұғым. Сонымен қатар демократиялық мемлекет әлеуметтік және ұлттық нысандарына, тағы басқа ерекшеліктеріне қарамастан, азшылық пен жекелеген азаматтардың мүддесін білдіруіне, оның есепке алынуына жағдай жасайды. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес азаматтарға сөз бостандығын, тілі мен ұлтын өзі анықтауын қамтамасыз ете отырып, бірлесу мемлекеттік қызметке араласып, істерді басқаруға тең құқықтар береді. Жылдар өте келе біз бүгінде Қазақстанды әрбір азаматы құқықтары мен бостандықтарға ие демократиялық мемлекет деп атай алатындай халге жеттік. Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың негізгі қайнар көзі болып халық табылады. Сондықтан халық тәуелсіздігі барлық жоғарғы билікті қолданушы ретіндегі халықпен мойындау көрінісінде. Халық дербестігі дегеніміз - өзінің билігін қандай болмасын әлеуметтік күштерден тәуелсіз және өз ықыласына байланысты өз бетімен жүзеге асыруы. Халық дербестігі бөлінбейді және тек бір ғана субъектіні иемденеді, ол - халық.

Мемлекеттік биліктің бір ғана қайнар көзі халық болғандықтан өзінен басқа ешкім Қазақстан мемлекетінің билігіне үміттен алмайды. Қазақстан Республикасында билікті ешкім де иемденіп кете алмайды, - иемденіп кетушілік заң бойынша қудаланады.

Осыған орай халық билігі дегеніміз - барлық биліктің халыққа тән болуы және халықтың сол билікті еркін жүзеге асыруы. Халықтың басқару жағдайында билік халық пен құрастырылып жүзеге асады және қадағаланады. Демократиялық ұғымында халықты демократияның алдыңғы және соңғы пункті деп тануға болады.

Қазақстан Республикасының халқы өзінің билігін тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға жүктейді.

Зайырлы мемлекет – Қазақстан Республикасында діни мекемелер мен дін ұстаудың мемлекеттен бөлектігін білдіреді. Дін мемлекеттік идеологияға ықпал ете алмайды. Қазақстанда мемлекеттік немесе міндетті дін жоқ. Бұл Қазақстанда кең таралған екі әлемдәк дән – ислам мен православиелік діндерге бірдей қатысты. Мемлекет органдары қағидалық заң негізінде емес, Конституция негізінде құрылып, жұмы істейді. Сонымен бірге, әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар. Наным немесе атеизм мәселесі адамның жеке басының шаруасы болуы тиіс.

Әлеуметтік мемлекет – жекелеген топтарға немесе ұлыстарға емес қоғам мен адамға тұтас қызымет ететін мемлекет. Ол мемлекеттің қаржы көздері есебінен барлық азаматтарға мүмкіндігінше бірдей мөлшерде игіліктер көрсетіп, қоғамдық ауыртпалықтардың да теңдей бөлу жолымен әлеуметтік теңсіздікті жеңілдетуге әрекет етеді.

Қазақстан өз мемлекетінің әлеуметтік сипатын Конституциясында кепілдік берілген білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет, әлеуметтік жұмысбастылық, еңбекті қорғау, әлеуметтік қамсыздандыру және табыстары төмен тұратындар тобын қолдау сияқты әлеуметтік игілік істер арқылы анықтаған.

Құқықтық мемлекет - жеке адам мен қоғам мүдесін қорғайтыны, заң үстемдігі мен құқық принциптеріне негізделіп құрылған мемлекет. Ол принциптер: конституцияның басымдығы және заңдық құқытардың бекітілуі; экономикалық бостандықтардың орнығуы мен мемлекеттің экономикалық қызмет шекарасының нақты анықталуы; Республикалық саяси құрылыс және басқарудың тиімді түрі; адам мен азамат құқығы мен бостандығына халықаралық өлшем деңгейінде кепілдік берілуі; тұлға мен мемлекеттің өзара жауаптылығының болуы, т.б.

Қазақстан Республикасы өзінің даму стратегиясындағы басты нысаналарының бірі ретінде құқықтық мемлекет құру бағытын жариялады. Құқықтық мемлекет ұзақ тарихи даму үрдісінде қалыптасады. Сондықтан қазақстан республикасының конституциясында: «Еліміз құқықтық мемлекетті қалыптастыру жолына түсті» деп жазылған. Қазіргі кездегі жағдайларға сәйкес конституция құқықтық мемлекет құруға әсер етеді. Құқықтық мемлекеттілік – тұрып қалған жағдай емес, ол мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы өзара қарым-қатынасындағы идеалды модельге күнделікті жақындауын айтамыз. Мемлекет өзінің бүкіл әрекеттерінде биліктің құқықтық ережелерін белгілі бір жағдайда күш көрсетуге және осы білімдер негізінде қызметті жоспарлаған уақытта ғана қолдану құрметіне ие. Г.Н.Мановтың айтуынша құқықтық мемлекет азаматтық қоғамның саяси ипостасы. Олардың өзара әрекеті негізінен мазмұны және формасы жағынан заңдылық қатынаста біріктіріледі [1, 77 б.].

Құқықтық мемлекеттің ең басты және айқын белгісі – заң бәрінен де жоғары тұрып, қоғамдық өмірде үстемдік етеді, қоғамдық өмірдің барлық маңызды жақтары заң арқылы реттеліп отырады. Конституция бойынша заң шығарушы билік органы осыған ыңғайланып құрылады. Қазақстанда билікті тармақтарға бөлу принципі елдің конституциялық құрылысы негіздерінің бірі ретінде жүзеге асырылады. Мәселен, Қазақстан Республикасының Конституциясының 3-бабында “Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінеді” делінген. Қазақстан Республикасында заң шығару қызметін жүзеге асыратын (халық сайлайтын және қоғамды дамытуды заңдар қабылдау жолымен жүзеге асыруға бағытталған) ең жоғарғы өкілді орган – парламент, атқарушы билік (биліктің өкілдік органы тағайындайтын және заңдар мен оралымдық-шаруашылық қызметті жүзеге асырумен айналысатын) – Үкімет және мемлекеттік биліктің дербес тармағы сот болып белгіленген. Осы тұрғыда біртұтас мемлекеттік билікті тармақтарға бөлудің конституциялық ұстанымы ел билігін күшпен иемденіп кетуді болдырмауға кепілдік бере алатын тетік ретінде қызмет етеді. Мемлекеттік билік біреу ғана, ал оның қайнар көзі халық.

Билік бөлісу тек қана жоғары биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтарына, олардың өзара әрекеттесуі мен бірін-бірі «тежеу және қарсы салмақ» жүйесін пайдалана отырып бөлісу қағидаларына негізделіп жүзеге асырылады. Осы бойынша биліктің үш тармағы бір жағынан бір-бірімен тығыз ынтымақтастықта, ал екінші жағынан тежемелік механизмнің болуы, яғни конституцияда белгіленгендей бір-біріне қол сұқпаушылықтары [2, 133 б.].

Мемлекеттік билік органдары жеке дара әрекет еткенмен, олардың, бір-бірінен тәуелсіздігі абсолютті емес, өйткені өздерінің қызметтерінде олар бір-бірімен тығызбайланыста болулары қажет.

Мемлекеттік биліктің тиімді қызмет етуінде және әр билік тармақтарының арасындағы қарым-қатынасты реттеуде билік органдары арасындағы қатынастың құрылымы маңызды рол атқарады.

Мемлекеттік билік қоғамның өмір сүруінің негізгі шарты болып саналатындықтан конституциялық реттеудің орталық объектісі болып есептеледі, өйткені мемлекеттік биліктің негізгі мәні - егеменділік. Қазақстан Республикасында мемлекеттік биліктің біртұтас болуы мен үш тармаққа бөлінуі конституциядағы ережелерге сәйкес мемлекеттік биліктің бөлшектері екенін білдіре отырып, тұтастықты білдіреді.

Қазақстан Республикасындағы биліктің бөлінуі мемлекеттік органдардың құзіретінің қарапайым түрде бөлінуін білдірмейді.

Биліктің әр тармағы мемлекеттің қызметін жүзеге асырғанда өз құзіреті шеңберінде тәуелсіз, бірақта мемлекеттегі биліктің әр тармағы толық билікке ие емес. Олар бір-бірінің қызметіне араласпай және орындарын ауыстырмай қатынаста болулары қажет. Тек бір-бірінің қызметін толықтырып және бір-бірінің устемдігін тежеу арқылы билік тармақтары жеке тұлға бостандығының негізін қалайды және қоғамның дамуын қамтамасыз етеді. Осындай қоғам - азаматтық қоғам қатарына жатып, Конституция арқылы билік тармақтарының бөлінуін және бір-бірімен үйлесімді әрекет етуін реттеу арқылы күрделі саяси құқықтық феномен ретінде қалыптасады [3, 20б.].

Ресей ғалымы О.Г.Румянцевтың көзқарасы бойынша биліктің бөліну идеясын келесі бағытта жүргізуге болады деп есептейді.

1. Бірде бір мемлекеттік билік органы немесе саяси ұйым конституциялық деңгейде бекіткен институттың әрекет етуіне кедергі жасауға немесе қызметін тоқтатуға құқығы жоқ, билік құзіреттерін шексіз жүзеге асыруға, конституциялық құрылыс пен әлеуметтік және құқықтық негіздерін жоюға құқықтары болмауы керек. Қағида ретінде мемлекеттік билікті басып алу мен соған байланысты туындайтын күш көрсетуді болдырмауды бекіту.

2. Мемлекеттік биліктің бөліну қағидасы заң шығару, атқару және сот билігі механизмдерінің сәйкес ұйымдастырылуын ескеруі қажет. Заң шығарушы биліктің қызметі референдум, Президенттің тікелей сайлауы мен оның вето құқығымен, Конституциялық қадағалау органы және екі палаталы құрылыммен шектелуі қажет. Ал атқарушы биліктің қызметі Парламент пен Президент алдындағы жауаптылығы арқылы қабылдайтын актілерінің заңға бағыныштылығымен және орталық органдармен аймақтық органдарының арасындары өкілеттіктердің бөлінуімен шектелуі қажет. Сот билігін қызметі тек Конституцияға ғана бағыныштылығымен шектелуі қажет [4].

Мемлекет билігінің әр тармағы халық Конституция немесе мемлекет атынан әрекет етеді. Олар мемлекеттің және Қазақстан Республикасы Президентінің стратегиясын жүзеге асыруды қамтамасыз етіп отырулары негізгі міндеттері болып саналады.

Осы жағдайда мемлекеттік билік органдарының арасындағы қарым-қатынас құрылымы шешуші қызметті атқарады [5, 42 б.]. Мемлекеттік билік органдарының арасындағы байланысты реттеуде мемлекеттің басқару нышаны да көптеген әсерлерін тигізеді. Әр мемлекеттің басқару нысаны мен оның Конституцияда бекітілуі де әр түрлі болатынын ескеру қажет. Президенттің парламенттік басқарудағы немесе аралас басқарудағы мемлекеттердегі билік тармақтарының арасындағы қарым-қатынасты реттейтін жүйе де әр түрлі болады [6, 87 б.].

Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында Елбасы еліміз бен халқымыз үшін өмірлік маңызы бар мемлекеттілікті одан әрі дамыту – Парламентті күшейтіп, Үкіметтің есептілігі мен дербестігін кеңейту кезеңін белгіледі. Мемлекет басшысының өкімімен құрылған Мемлекеттік билік тармақтары арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі жұмыс тобы жұмысының нәтижелері бойынша

Н.Ә.Назарбаев 2017 жылғы 25 қаңтарда Қазақстан халқына арнайы үндеу жасады, онда мемлекеттік билік тармақтары арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлудің негізгі бағыттарын айқындап берді[7].

Біріншіден, бұл еліміздегі демократиялық процесстің ары қарай жалғасын тапқандығын көрсетеді. Екіншіден, бұл саяси биліктегі екі негізгі тармақтың: Үкіметтің және Парламенттің тепе-теңдігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, үшіншіден, бұл үкіметтің де, парламенттің де жұмысының кәсібилігін олардың жауапкершілігін, елдің саяси экономикалық дамуындағы жауапкершілігін арттыруға сонымен қатар тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Жаңа реформадағы Парламенттің рөлін күшейту – демократияға бастар нық қадам. Себебі, Парламент халық атынан сөйлейтін орган. Конституциядағы 67-баптың 4-тармақшасы бойынша Премьер-Министр үкіметтің қызметі жөнінде тікелей Президентке есеп беретін. Ал, енді министрлер кабинеті басшысы Елбасымен бірге Парламент алдында есеп беретін болады. Парламенттің алдында есеп беру – тікелей халыққа есеп беру дегенмен пара-пар. Парламент қызметінің нығаюы министрлердің де өкілеттіліктеріне қатысты. Яғни, Парламенттің құзыретінде министрлерді қызметінен босататын билік те бар. Егер, депутаттардың үштен екі бөлігі үкімет мүшелерінің жұмысына қанағаттанбаса Елбасының қарауымен оларды қызметтен босата алады.

Конституциялық реформалар біріншіден, тәуелсіздіктің негіздерін нығайтуға, екіншіден, демократияны әрі қарай ілгерілеуге, үшіншіден, қуатты құқықтық мемлекет құруды жалғастыруға бағытталған. Осы мақсатта мемлекеттік билік органдарының арасындағы өкілеттіктер қайта бөлініп, адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау механизмдері, сот жүйесі мен прокуратура органдары жетілдірілді.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Манов Г.Н., Гражданское общество и правовое государство: предпосылки формирования, -М.: Изд-во ИГиП РАН, 1991. - 119 с.
- 2.Сапарғалиев Г.С., Конституционное право РК, - Алматы, 2002. -266 с.
- 3.Кунхожаева Р.Н. Теория разделения властей.// Саясат, 1997- №4. – С.19-25.
- 4.Румянцев О.Г.Основы конституционного строя России. - Москва:"Юрист",1994. - 285 с.
- 5.Мухамеджанов Б. Реализация принципа разделения властей в Конституции РК.// Юридическая газета, 2000.№38.
- 6.Сагиндыкова А.Н. Конституционное право Республики Казахстан. - Алматы : Білім, 1997. - 167 с.
- 7.Бекетаев М. Ел президентінің заң деңгейінде бекітілген өкілеттіктерін қайта бөлу туралы //Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы. – 2017. - №1 (46). – 15-18 б.

Резюме

В данной статье рассмотрена проблема реализации принципа разделения власти в Республике Казахстан. Автором исследованы вопросы разделения власти в контексте развития конституционного законодательства Республики Казахстан, роли и значения принципа взаимодействия ветвей власти, модернизации конституционно-правовых отношений в свете конституционной реформы 2017 года.

Summary

This article examines the problem of implementing the principle of power sharing in the Republic of Kazakhstan. The author investigates the issues of the separation of power in the context of the development of the constitutional legislation of the Republic of Kazakhstan, the role and significance of the principle of interaction between the branches of power, and the modernization of constitutional and legal relations in the light of the constitutional reform of 2017.

УДК:340.15(574)

Нұржұма Е.Ж.
Д.А.Қонаев атындағы
Еуразиялық заң академиясының
2-курс магистранты
Ғылыми жетекші:
з.ғ.д. профессор, Жалаири О.Ш.

БИЛІК БӨЛҮДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ БИЛІК ТҰТАСТЫҒЫ МЕН ҚАРЫМ ҚАТЫНАСЫ

Аталған мақалада Қазақстан Республикасында биліктің тармақтарға бөліну мәселесі зерттелген. Мемлекет билігінің құрылымы бөліну принципіне сәйкес бірлікте көрсетілген. Заң шығарушы, атқарушы, сот билігі тармақтарының өзара әрекеттестік мәселелері, қарама-қарсылық механизмі қарастырылған.

Кілт сөздер: принцип, билік, мемлекет, өкімет билігінің бөлінуі, конституция, өкілеттілік, өзара әрекеттестік, құрылым.

Өкімет билігін бөлу қағидасы 300 жылдан астам уақыт бойы әлемдік конституциялық тәжірибеде мойындалған және қолданылып келеді. Осы уақыт бойы ол әрине, теориялық тұрғыдан да, өзінің практикалық жүзеге асырылуы тұрғысынан да өзгеріске ұшырады. Өкімет билігін бөлу мемлекеттік билікті ұйымдастырудың негізгі қағидаларының бірі және құқықтық, конституциялық, демократиялық мемлекеттің жұмыс істеуіне негіз болатын қағидалардың бірден бірі болып табылады. Бұл қағиданың мақсаты - әділеттілікті қамтамасыз ету және билікті асыра пайдалануды жою.

Биліктің бөлінуі өте күрделі құбылыс болып табылғандықтан, бұл мәселенің билік тұтастығымен және биліктің бөлінуінің құрылымына байланысты көптеген таласты ойлар, көзқарастар жүйесі қалыптасқан болатын. Биліктің бөлінуі билік тұтастығы мен арақатынасын ажыратуда негізгі мәселе жалпы мемлекеттік биліктің табиғатын тану болып табылады деп есептейміз. Мемлекеттік билік өте күрделі ұғым болып табылады. Оның саяси, әлеуметтік және басқа да қоғамдық ықпал ету аясының кеңдігі және мемлекеттің негізі ретінде болуы мемлекеттік билікті масштабтық деңгейге көтереді. Мемлекеттік биліктің бөлінуі тұрғысынан алып қарағанда, билік бөлінуі мемлекеттік биліктің жүзеге асыруының функционалдық ерекшеліктерін ажырататын жүйе деп қарастыруымыз қажет. Мемлекеттік биліктің қалыпты жүзеге асуы осы тетікке арқа сүйейді.

Ғылыми пікірлерде билік бөлудің қажеттілігі бар ма, жоқ па деген мәселе күн тәртібінен түспей талас тудырып келе жатқан мәселенің бірі. Билікті тармақтарға бөлудің қажет еместігін негіздейтін ойларға көз тастайтын болсақ, онда жалпы билік бөлу шынайы өмірде жүзеге аспайтын мемлекеттік механизмнің жұмыс істеуінде ешқандай ұтымды қыры жоқ деп бағаланады. Қазіргі кездегі әлемдік елдердің конституциялық құқықтық дамуына көз жүгіртетін болсақ, биліктің бастауы халық екендігін және мемлекеттік билік өзінің тұтастығын сақтайтындығын көреміз. Бұл жағдай бізге мемлекеттік биліктің жүзеге асуы билік тармақтарына негізделмейді деген ойға жетелемейді. Шын мәнінде қарап отырсақ, билікті тармақтарға бөлу мемлекеттік дамудың қазіргі кезеңдегі бірден-бір өзін ақтайтын жүйесі болып табылады. Мемлекеттік билікті жүзеге асыруда қалыпты жағдайдың сақталуын қамтамасыз ететін тетік осы биліктің бөлінуі болып табылады.

Енді, біз билік бөлудің негізгі классикалық сипатын бағдар тұта отыра, оның құрылымын талдаймыз. Жалпы билікті тармақтарға бөлу заң шығару, атқару, сот билігі болып ажыратылады. Бұл, былайша айтқанда, билікті бөлудің дәстүрлік сипаты. Билік бөлудің алғашқы тармағының бірі, заң шығарушы билігінің тармағы болып табылады. Жалпы заң шығару билігінің қалыптасуы сан ғасырлық адамзат қоғамның мемлекеттік құқықтық дамуының бастауларына барып тіреледі. Заң шығару билігінің қалыптасуы өзінің бойында әр түрлі өзгерістерді өткізген болатын. Заң шығару билігінің негізгі органы қазіргі кезеңде әлемдік тәжірибеде - Парламент болып табылады. Әрине, кейбір елдерде заң шығарушы орган Парламенттен басқа да атауларға ие болуы мүмкін.

Қазіргі кезеңде көп елдерде Парламент заң шығарушы басты орган болып табылады. Парламент заң шығарып, қоғамдағы процестердің даму бағытын айқындауға ұмтылыс жасайды. Заң шығару билігінің органы Парламент сонымен қатар ең жоғарғы өкілді орган болып табылады. Кейбір әлеуметтанушылар мен саясаттанушылар Парламентті техника саласында дөңгелекті табу қандай нәтиже болса, сонымен тікелей байланыстырады. Парламенттің бойында заң шығару қызметі мен өкілді биліктің көрінісінің шоғырлануы заңдылық болып табылады. Себебі, Парламент заң шығару арқылы бүкіл халықтың мүддесін қозғайды. Сондықтан да, Парламент өкілдерінің халық мүддесіне жақындасуы, яғни былай айтқанда өкілді билік органы заңдылық болып табылады.

Заң шығару билігі кейбір елдердің тәжірибесіне қарайтын болсақ, атқару билігін белгілі дәрежеде бақылап отырады[1, 51 б.]. Билік бөлудің тағы бір құрылымдық элементі атқарушы билік болып табылады. Атқарушы билік тармағы жалпы мемлекет өмір сүруі мен қабілеттілігінің басты көрінісі болып табылатын атқару билігі - мемлекет пайда болған алғашқы күндері-ақ, өмірге келген болатын. Жалпы қоғамның саяси жүйенің өмір сүруінің ядросы болып табылады. Атқарушы биліктің қызметіне атқарушы билік органдарының қызметінің негізгі бағыттарын жатқызу керек, оларда мемлекеттік билік тармақтарының мақсаттары мен мән-мағынасы көрінеді. Басқа сөзбен айтқанда, атқарушы билікке атқарушы биліктің алдына мемлекет тарапынан қойылатын мақсаттар және оның қызметінің негізгі бағыттары, сондай-ақ алға қойылған мақсаттарға жету үшін қолданылатын құқықтық құралдар жатады. Атқарушы биліктің әрбір қызметінің өзінің іс-әрекеттер жасайтын аясы бар, ол қызмет тиісті әдістермен жүзеге асырылады. Қызметтер атқарушы биліктің жұмысының мазмұнын білдіреді және көп жағдайларда оның мәнін сипаттайды. Атқарушы биліктің тармақтарының күрделілігі және ерекшелігі сондай, оған мұқият жасаған талдау оның қызметінің екі деңгейі бар деген қорытындыға келтіреді.

Атқарушы биліктің бірінші деңгейі қоғам өмірінде үлкен мәні бар қызметтерді қамтиды. Осыған байланысты атқарушы биліктің заң шығарушы билікке қарағанда әлдеқайда толық екенін атап көрсету қажет, ол мемлекеттің бірлігін, мәнін, қызмет бағыттарын білдіреді, сондықтан мемлекеттің негізгі жұмысы қоғамды қорғау, оның жағдайын жақсарту мемлекет қызметінде мағыналы орын алады. Әр қызмет басқару аясымен және оған атқарушы билік органдарының тигізетін әсерімен айқындалады. Қоғамдық тәртіп және ұлттық қауіпсіздік объектілердің бірі болып саналады, ол объект қорғалады және атқарушы биліктің құзыретті органдарының қоғамдық мәні бар жерлерді бақылауы арқылы қамтамасыз етіледі, сондай-ақ елдің қорғаныс күштерін үнемі қолдау арқылы халықты және аумақты әскери шабуылдан қорғау көзделеді. Бұл азаматтық қоғамның дұрыс өмір сүруіне, және оның саяси, экономикалық және мәдени құрылымдарының дұрыс жұмыс істеуіне қажетті төтенше маңызы бар объект.

Басқарудың басқа бір маңызды объектісі – халық шаруашылығының белгілі бір саласы: әлеуметтік – мәдени және әкімшілік – саяси құрылыстар (экономика, қаржы, білім беру, денсаулық сақтау және т.б.) бұлардың қызметі атқарушы билік органдарының үнемі басқаруға ықпал етуі, жоспарлау реттеу, үйлестіру, кадр таңдау, бақылау жасау жұмыстары болып табылады. Бұл объект атқарушы биліктің тұрақты басқару қызметін айқындайды.

Сонымен, атқарушы билік туралы мәселе атқарушы билік теориясының өзекті мәселесі болып табылады және бүгінгі Қазақстанның өтпелі кезеңінде атқарушы билік органдарының қызметін ұйымдастыруда ғылыми және тәжірибелі – саяси мәнге ие. Осыған орай атқарушы билік қызметі туралы пікір төмендегідей қорытындыға келуге мүмкіндік береді: мемлекеттік биліктің атқарушы тармағына тән нәрсе – ол өз қызметін арнайы аппарат арқылы жүзеге асырады. Атқарушы биліктің негізгі қызметі атқарушы билік органдарын топтастырудың ғылыми негізделген өлшемдері бола алады.

Мемлекет деңгейінде биліктің үш окшауланған тармақтарында іске асырылған қызметтердің (заң шығарушы, атқарушы билік және сот билігі) атқарушы билікке көшірілуі қызметтердің жүзеге асырылуында қосымша, бірақ ұйымдастыру мәселелерін де маңызды роль атқаратынын атап өту абзал. Егер бірінші деңгейдегі қызметтердің негізінде техникалық мақсатқа сәйкестік түсінігі тұр. Тұтастай алғанда атқарушы билік қызметтерін екі деңгейінде өзара тоғысқан және теңестірілген жүйелер деп және атқарушы биліктің бір органы басқа органдарға оң ықпал етеді деп қарау қажет.

Билік бөлудің тағы бір тармағын - сот билігі құрайды. Сот билігі жеке билік тармағы ретінде кейінгі дәуірлерде бөлінген болса да, оның бастаулары ежелгі дәуірлерден өрбіп жатады. Біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырлардың өзінде сот билігінің белгілі көріністері Ежелгі Египетте, нақты айтатын болсақ, сот әділдігі жүзеге асырылды. Сот билігінің бір ерекшелігі көбінесе, басқа биліктермен ара байланыста жұмыс атқарады. Сот билігі басқа тармақтармен біріге отыра, өз қызметін жүзеге асырады. Сот билігінің басты мақсаты сот әділдігін жүзеге асыру болып табылады. Сот билігінің билік бөлу жүйесіндегі негізгі орны басқа билік тармақтарының ортасында туындаған қайшылықтарды шешіп отыру болып табылады. Енді сөз кезегін Қазақстан Республикасындағы сот билігі жүйесінің қалыптасу мәселесін қарастырып көрейік.

1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясында тек адамның, азаматтың, мемлекеттік және қоғамдық құрылыстың мәртебесі ғана емес, сонымен бірге стратегиялық құқықтық идеялар да айқындалған. Бұл, атап айтқанда, Конституциядағы Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық

және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратындығы жөніндегі қағидада. Біздің елімізде құқықтық мемлекетті құру идеясы өзекті мәселе. Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет құру жолында.

Биліктің бөлінуі терминінің өзінде бірнеше мағыналы салмақ бар, себебі ол, біріншіден, біртұтас мемлекеттік биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот билігі болып көрінетіндігін, екіншіден, мемлекеттік органдар арасында билік өкілеттіктерінің ара-жігінің ашылуы сияқты көрінеді. Билік бөлісу қағидаты құқықтық мемлекет құрудың аса маңызды негізі ретінде тек ақыл-парасатты ғана еншілемейді, сонымен бірге ол біздің мемлекетімізде өзіне жол ашуда. Бұл сот билігі тереңірек тани түсуден, соттарға деген сенімнің артуынан, соттардың тәуелсіздігін қамтамасыз етуге және олардың тек қана заңға бағынуларына бағытталған іс-шаралардан және тәуелсіздікке қол сұққаны үшін жауапкершілік белгілеуден көрініс табады. Заң шығару және атқару тармақтарына тәуелсіз әрекет жасайтын сот билігі дербестігінің аса маңызды кепілі де, сондай-ақ судьялар тәуелсіздігінің қағидаты болып табылады.

Сот билігі заңда белгіленген шеңберде азаматтар мен заңды тұлғалардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауға іс жүзінде өкілдіктері бар біртұтас мемлекеттік биліктің түрі. Сот билігі ұғымы мен оның мәні туралы бүгінгі түсініктердің деңгейі осы күрделі әлеуметтік феноменді қарастырудың кем дегенде үш деңгейін айқындауға мүмкіндік береді. Сот билігі феноменін ғылыми зерттеудің келешегі сот билігі туралы біліміміз бен түсініктерімізді дамыту мен тереңдетудің бағыты болуы мүмкін.

Мемлекеттік билік беру, оған заң шығару билігін, атқарушы өкіметті, сот билігін қарсы қоюға болмайды, себебі бұлар мемлекет билігінің үш бұтағы, бірақ шексіз биліктің тек бір қолда ғана болуы қоғамға өте қауіпті. Сондықтан да бұл үшеуі әр қайсысы жеке өз өкілеттігі шеңберінде, басқаларын бақылай отырып, олармен араласа, жұмыс істеулері қажет.

Сот билігі мемлекет билігінен туындайтын ұғым. Сот билігі-мемлекет атынан заңның үстемдігі мен әділеттілікті қалпына келтіру, заңмен қорғалатын мүдделерге қол сұғушы адамдарға мемлекеттік мәжбүр ету шараларын қолдану мақсатында сот құзыретіндегі жауапты биліктік өкілеттіктерді жиынтығын айтамыз, - деп тұжырымдайды К.Х. Халиков[2, 23 б.].

Тәуелсіздік жылдары еліміздің сот жүйесінде терең және сапалы өзгерістер жүргізілді, олар лайықты деңгейде әділ сотты жүзеге асыруға тәуелсіз сот билігінің қалыптасуын қамтамасыз етті. Тәуелсіздік жылдары ішінде жасалған заң базасы судьяның қоғамдық мәртебесіне, оның әлеуметтік жағдайына деген ескі көзқарасты өзгертті. Тәуелсіздік, ауыстырмаушылық, қол сұғылмаушылық қағидалары сот әділдігінің конституциялық негіздеріне айналды [3, 102 б.].

Реформа басталған уақыттағы негізгі құжат деп 1995 жылғы конституцияның қабылдануын және Президенттің конституциялық заң күші бар “Қазақстан Республикасының соттар және судьялар мәртебесі туралы” жарлығын есептеуге болады, себебі, осы конституциялық заң соттардың мемлекеттік билікті тікелей жүзеге асыру нысаны ретінде сот әділдігі, сот органдарының заң шығарушы және атқарушы құрылымдардан тәуелсіздігі жөніндегі қағидатты жаңа ережелерді енгізді.

Атқарушы биліктің соттарға ықпал етуін тоқтату сот реформасының басты пункттерінің бірі болады. Сондықтан Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 1 қыркүйектегі “Сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту шаралары туралы” Жарлығы сот реформасының қағидатты жетістігі болды. Онда соттардың қызметін қамтамасыз ету функциясын Әділет министрлігін алып, Жоғарғы сотқа, атап айтсақ,

Сот әкімшілігі комитетіне және жергілікті жерлердегі сот әкімшілігіне беру көзделген. 2000 жылғы 25 желтоқсанда “Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы” Конституциялық заңына қол қойылып, сот-құқықтық реформасының аса маңызды сатыларының бірі аяқталды. Осы құқықтық актінің сот әділдігі үшін маңызы зор болды. Сонымен, атқарушы және сот биліктерінің ара-жігін іс жүзінде ажырату туралы көп жылға созылған пікірталас нормативтік құқықтық нысанға ие болып, осы негізде сот жүйесі туралы жаңа заңның қабылдануы қоғамның сот әділдігін атқаруға байланысты әлеуметтік сұраныстары мен міндеттерінің қазіргі заманғы деңгейін көрсетті.

Қазақстан азаматтары өз құқықтарын қорғауда сотқа жиі жүгіне бастаған. Сондықтан экономикалық соттармен қатар, елімізде мамандандырылған әкімшілік соттар құрылды. Енді бұл мәселені одан әрі жалғастырып, мамандандырылған соттар жүйесін қалыптастыруды мықтап қолға алатын уақыт жетті. Сондықтан да осы соттардың жұмысын, қоғам, бірінші кезекте кәсіпкерлер бағалай алатындай, осындай мамандандырудың мақсатқа сай екендігін шеше алатындай етіп жолға қою. Өркениетті елдер тәжірибесі көрсетіп отырғандай, сот жүйесін мамандандыру уақыт өзі алға қойған мәселе.

Республикамызда жүріп жатқан сот – құқықтық реформасы еліміздегі экономикалық және саяси жүйесін жүзеге асыра отырып, оған сай келетін өзгерістерді құқықтық инфрақұрылымдарды құру және саналы заңдардың қабылдануын жоғары деңгейде көтеру, құқық қорғау органдарының кінә ретсіз әрі үйлесімді жұмыс істеуі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Корнилаева А.А. Теория парламентского контроля в контексте принципа разделения властей. Уфа. Дисс. канд. юридических наук. - 2002. - 194 с.
- 2 Халиков К.Х. Проблемы судебной власти в Республике Казахстан (Теоретические и уголовно-процессуальные исследования). Дисс. доктора юридических наук. - Алматы. – 1998. – С. 23
- 3 Шарипов Ш.М. судьяның тәуелсіздігі - сот билігінің демократиялық принципі. Заң ғылымдарының кандидаты дәрежесін алуға дайындалған диссертациясы. - Алматы. 2001. – 142 б.

Резюме

В данной статье исследована проблема разделения власти в Республике Казахстан. Структура государственной власти представлена в единстве в соответствии с принципом разделения. Рассмотрены вопросы взаимодействия законодательной, исполнительной и судебной ветвей власти, механизм сдержек и противовесов.

Summary

This article explores the problem of power sharing in the Republic of Kazakhstan. The structure of state power is presented in unity in accordance with the principle of separation. The issues of interaction of the legislative, executive and judicial branches of power, the mechanism of checks and balances are considered.

УДК: 342.7 (574)

Серғалиев Б.Т.
Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық
заң академиясының 1-ші курс
магистранты

АДАМ МЕН АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫНЫҢ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІНІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ САҚТАЛУЫ

Бұл мақалада Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының қамтамасыз етілуінің Конституциялық сақталуы туралы, оның маңызы мен негізгі мақсаты қарастырылған.

Кілт сөз: Республика, Конституция, мемлекет, мемлекеттік институттар, бап, заңнама, актілер, ереже, азамат, тұлға, қоғам, норма, құқық, қағида, қатынас.

Конституциялық құрылым негізі түріндегі мемлекет пен қоғамды ұйымдастыру негіздерін реттеу әдісі Қазақстан Республикасында алғаш рет Конституцияларда (1993, 1995 жж.) қолданылған. Сондықтан Конституцияның 1 бөліміндегі ережелерді анықтау, оларды терең меңгеру өте маңызды. Біріншіден, оларды білу Конституцияның басқа ережелерін түсінуді жеңілдетеді. Екіншіден, конституциялық құрылым негіздерін негізге ала отырып, азаматтар заңдарға, басқа да нормативтік актілерге, мемлекеттік органдар мен лауазымдық тұлғалардың әрекеттеріне тиісті бағасын бере алады. Үшіншіден, қолданыстағы заңнамада кемшіліктер немесе Конституцияға қарама-қайшы нормалар анықталған жағдайда, азаматтар, соттар Қазақстан Республикасы Конституциясының 1 бөліміндегі ережелерді басшылыққа алуға құқылы [1].

Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекет пен қоғамдағы барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығынан қоғам мен мемлекеттің өмір сүру тіршілігі үшін анағұрлым маңызды, негізін құраушы қатынастарды бөліп алып, оларды 1 бөлімде «Жалпы ережелерде» реттеді, оларға конституциялық қағидалар күшін берді, яғни қандай да бір қоғамдық қатынастар қалай дамуы керектігі, қандай да бір қоғамдық немесе мемлекеттік институттар қалай қызмет етуі керектігі туралы басты идеялар дәл осы жерде қалыптастырылған. Бұл ретте олар ерекше заңды қорғанысқа ие ерекше қорғалатын қоғамдық қатынастар болып белгіленеді.

Конституция нормаларын талдау бұл қағидаларды әр түрлі критерийлер бойынша бөлуге мүмкіндік береді. Мұндай критерийлер ретінде қызметтік бағыттылық, тұтастық дәрежесі, қоғамдық қатынастарды қамту кеңдігі сияқты санаттарды пайдалануға болады [2, 6 б.].

Мысалы, Қазақстан Республикасы президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет болып табылатындығы белгіленген, яғни аталған қағидалар мемлекет, оны ұйымдастыру нысаны ұғымымен түйіндес болып табылады. Бұл қағидалар азаматтық қоғам негіздеріне қатысты, онда халық билікті тікелей республикалық референдум (Қазақстан Республикасы Конституциясының 3 б. 1 т.) және еркін сайлау (Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 2 б.) арқылы жүзеге асырады.

Ұйымдастырушылық және қызметтік қағидаларды ерекшеленуге болады. Біз мемлекет қандай қағидалар негізінде ұйымдастырылатынын (біртұтас, президенттік басқару нысанындағы), сондай-ақ бұл мемлекеттің демократиялық, зайырлы, құқықтық

және әлеуметтік болып табылатынын анықтадық. Анағұрлым жалпы қағиданы бекіту сияқты әдіс қолданылады, сосын жекелеген қағидалар ретінде оның құрамдас бөліктері түсіндіріледі. Мысалы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 1 б. 1 т. Қазақстан Республикасы өзін құқықтық мемлекет деп бекітеді, 4 б. 2 т. Конституцияның ең жоғары заңды күші, 3 б. 4 т. - биліктің бөлінуі, 4 б. 3 т. - жалпыға танымал қағидалар мен халықаралық құқық нормаларын тану және сақтау белгіленген. Соңғы үш ереже құқықтық мемлекетті сипаттайтын белгілер.

Осылайша, ҚР конституциялық құрылым негіздері ретінде бір жағынан Қазақстан Республикасын мемлекет ретінде сипаттайтын, екінші жағынан азаматтық қоғам негіздерін бекітетін маңызды қағидалар жүйесі жарияланады. Олардың қатарына егемендік; жалпы адамзаттық құндылықтардың басымдығы; біртұтастық қағидасы; президенттік басқару нысаны; Қазақстан Республикасын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде сипаттайтын қағидалар; меншік түрлерінің әр алуандығы; идеологиялық және саяси әр алуандық; мемлекеттің - Қазақстан Республикасы қызметінің қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық, экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекет өмірінің анағұрлым маңызды мәселелерін, соның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беруді шешу сияқты негіз қалаушы қағидалар жатады.

Осы қағидаларды қамтитын нормалар конституциялық құрылым негіздерінің өзіндік институтын қалыптастырады. Оны мемлекет пен қоғамды ұйымдастыру және қызмет етуінің негізін қалаушы қағидалардың негізгі жүйесін құратын конституциялық нормалардың жиынтығы ретінде анықтауға болады [3, 24 б.].

Конституциялық құрылым негіздерінің қағидаларын әр түрлі критерийлердің көмегімен жекелеген түрлерге бөлуге болады. Осы негіздемелер бойынша тиісті институттарды құратын мемлекеттік билік нысанын бекітетін (1, 2 б.); мемлекеттік билік көзі мен халық билігін жүзеге асыру тәсілдерін белгілейтін (3 б. 1,2 т.); Қазақстан Республикасы егемендігінің затын, әрекетін анықтайтын (2 б. 2 т.); мемлекеттік құрылыстың біртұтас нысандарының негіздерін қалыптастыратын (2 б. 1 т.); биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот биліктеріне бөліну қағидаларын бекітетін (3 б. 4 т.); Қазақстан Республикасын мемлекет ретінде сапалы сипаттайтын (1 б. 1 т., 2 т.); экономикалық даму қағидаларын бекітетін (6 б.); сыртқы саясат қағидаларын (8 б.), ішкі саясат қағидаларын (1 б. 2 т.) бекітетін; мемлекеттік рәміздерді бекітетін (9 б.) нормалар топтастырылады.

Демократиялық қоғам үшін биліктің бөліну қағидасы өте маңызды және мәнді болып табылады. Ол мемлекеттік биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот билігі болып бөлінуін көрсетеді, және осы «биліктің үш тармағы» да бірдей, күші жағынан тең, бір-біріне қарама-қарсы болып, біреуі екіншісін «ұстап тұра» алатын, олардың бірінің басым болуына жол бермеуін қарастырады.

Анықтама бойынша, билік - бұл адамдардың қызметі мен мінез-құлқына қандай да бір құралдардың көмегімен әсер ету қабілеті мен мүмкіндігі.

Сот билігін соттар өкілеттігі, яғни соттар жүзеге асыратын адамдардың мінез-құлқы мен әлеуметтік үдерістерге әсер ету мүмкіндіктері мен қабілеттері ретінде сипаттауға болады. Сот билігін, ең алдымен, әділеттілік - яғни құқық тұрғысынан өмірлік мәселелерді шешуге арналған ерекше мемлекеттік қызмет сипаттайды. Ол әділеттілік пен шындыққа қол жеткізу, заңды істерге қатысатын барлық тұлғалардың кепілдіктерін қамтамасыз ету үшін, барлық жағдайларда құқықтық құндылықтар жеңіп шығуы үшін арнайы бейімделген.

Әділеттілік әрекеттегі, жүзеге асыру үдерісіндегі құқықтық өзі деуге де болады. Сот құқықты қалыптастыру, дамыту, жетілдірудегі маңызды факторға айналды. Заң мен құқықтық дәстүрлер болмаған жағдайда сот позитивті құқықтың ерекше нысанын қалыптастыруда басты күш, сотта үлгі боларлық жағдайдың, «судьялар құқығының» көзі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2004 жылғы 23 маусымдағы №6 «Қазақстан Республикасы Конституциясының 79 бабы 1 тармағын ресми түсіндіру туралы» Қаулысында әділ сотқа қатысты келесі құқықтық ұстаным қалыптастырылған.

